

#ӘділеттіҚазақстан

Әділдік бар жерде заң сақталады, тәртіп бұзылмайды. Біз осы қағидаттарды басшылыққа ала отырып, жаңа қоғам құрамыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



ТАЗАЛЫҚ ПЕН ӘДЕМІЛІК АЖАРЫ

6

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ



«ЖАС БОЛСАҚ ТА, САНАЛЫ ҚАЗАҚ БОЛДЫҚ»

7

ДАРАБОЗ



БАС БАПКЕР

10

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

10.01.2023

Түнде:



-5-7 °C

Бұлтты, кей уақытта қар.

Күндіз:



-5-7 °C

Бұлтты, кей уақытта қар.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

11.01.2023

Түнде:



-10-12 °C

Бұлтты, кей уақытта қар.

Күндіз:



-10-12 °C

Бұлтты, кей уақытта қар.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №3 (6296) 10 қаңтар, сейсенбі, 2023 жыл.

ҚАЗГИДРОМЕТ

АЛМАТЫДА ҚАТТЫ АЯЗ БОЛАДЫ

Мамандар қала тұрғындарына ауа райына байланысты кеңес айтты



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Ауа райын зерттеушілердің болжамы бойынша, алдағы күндері екі тәулік бойы Алматыда қалың қар жауып, ауа температурасы түнде 18, күндіз 15 градусқа дейін төмендеп, аяз болады деп күтілуде. Синоптиктер одан кейінгі күндері 25 градусқа дейінгі қатты аяз болатынын ескертті.

3

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШЫРША ЖИНАУ АКЦИЯСЫ

Алматылықтар үйдегі шыршаларын қоқысқа тастамай, зообаққа өткізе алады



«Міне, жаңажылдық мерекелер аяқталды. Шыршаларды қабылдау акциясының басталғанын жариялаймыз. Шыршалар бұғы, топоз, харза қоршауларына орналастырылады. Жануарлар өз аумағындағы жаңа нысандарға қызығушылық танытады. Олар шыршаға көтеріле алады, оларға секіреді. Қалалықтардан үйдегі шыршаларын қоқысқа тастамай, зообаққа апаруын сұраймыз», – делінген Хайуанаттар бағы баспасөз қызметінің хабарламасында.

Қабылдау Алматы зоологиялық паркінің қызметтік кіреберісінде Орманов көшесі, 64 мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады.
- ҚР Конституциялық Сотының 2023 жылғы 5 қаңтардағы нормативтік қаулысымен Конституциялық Соттың регламенті бекітілді.
- «Масс-медиа туралы» заң жобасының тұжырымдамасы әзірленді.
- 2023 жылы елімізден 4 мың адам үлкен қажылыққа барады.
- Қазақстанда қоғамдық орындарда әдепсіз сөздер айтқан (ұсақ бұзақылық) үшін айыппұл 4 есеге дейін өседі.
- Биыл Алматыда 17 сейсмикалық станция орнату жоспарланып отыр.
- Қазақстандықтардың табысы 16,5%-ға өсті.
- Биылдан бастап әлеуметтік топтаманың орнына әр балаға 5175 теңгеден төленеді.
- Елімізде 43 градусқа дейін аяз болады.
- Биыл Құрманғазы туралы мультфильм жарық көреді.
- Отандастарымыз үшін қажылық сапар арзандауы мүмкін.
- Ревматикалық ауруларды емдеу үшін Қазақстанда гендік-инженерлік терапия қолданылады.
- Оқу-ағарту министрлігі: балабақша тәрбиешілері тек үш құжат толтырады.
- Мегаполистегі «Арлан» базарының аумағында контейнерлер ортенті.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов 2023 жылы ішкі нарықты жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Кеңеске қатысушылар ішкі нарықты дизель отынымен, атап айтқанда, жанармай бекеті желілерін, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, өнеркәсіп және көлік кәсіпорындарын дизель отынымен қамтамасыз ету, баға белгілеу, импорт, Шымкент МӨЗ-інің қуатын ұлғайту және басқа да бірқатар мәселені талқылады. Үкімет басшысы отынның Қазақстаннан тыс жерлерге көп мөлшерде «шығарылуын» азайту үшін ішкі нарықта жанар-жағармай материалдарын сатуға мониторинг пен бақылауды күшейту қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты жанар-жағармай материалдарын өткізуді есепке алу үшін станцияларды арнайы цифрлық жүйемен толық қамтуды ұйымдастыруды тапсырды.

■ МАСС-МЕДИА

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі дайындаған «Масс-медиа туралы» заң түбегейлі ескірген, қазіргі заманның сынытегеуріндеріне сәйкес келмейді және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қатынастардың қазіргі заманғы талаптарын толық қанағаттандырмайды. Жаңа жоба сөз бостандығы құқығын нығайтуға және қамтамасыз етуге бағытталған. Құн тәртібінде ғаламтор желісінің қазақстандық сегментінде шектеу шарттарын қамтитын мемлекеттің жаңа қағидаттары мен кепілдіктеріне негізделген заң қабылдау қажеттігі тұр. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар, масс-медиа әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысуға мүмкіндік беруге міндетті. Құжатта сөз, шығармашылық, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа және өзге де нысанда білдіру, ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен алу және тарату бостандығына ҚР Конституциясы кепілдік беретіні, цензураға тыйым салынатыны тұжырымдалған. Бұқаралық ақпарат құралдары терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге міндетті.

Негізгі реформалар журналистердің құқықтық мәртебесін арттыруға және олар үшін құқықтық кепілдіктерді күшейтуге бағытталған. Заң жобасы мен тұжырымдамасы 27 қаңтарға дейін Ашық НҚА сайтында орналастырылған.

АҚДМ өкілі атап өткендей, қолданыстағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң түбегейлі ескірген, қазіргі заманның сынытегеуріндеріне сәйкес келмейді және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қатынастардың қазіргі заманғы талаптарын толық қанағаттандырмайды. Жаңа жоба сөз бостандығы құқығын нығайтуға және қамтамасыз етуге бағытталған. Құн тәртібінде ғаламтор желісінің қазақстандық сегментінде шектеу шарттарын қамтитын мемлекеттің жаңа қағидаттары мен кепілдіктеріне негізделген заң қабылдау қажеттігі тұр. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар, масс-медиа әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысуға мүмкіндік беруге міндетті. Құжатта сөз, шығармашылық, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа және өзге де нысанда білдіру, ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен алу және тарату бостандығына ҚР Конституциясы кепілдік беретіні, цензураға тыйым салынатыны тұжырымдалған. Бұқаралық ақпарат құралдары терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге міндетті.

Осылайша сөз бостандығы, пікір плюрализмі мен мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен имандылығын қамтамасыз етуге бағытталған қажетті шектеулер арасындағы тепе-теңдікті белгілейтін түбегейлі жаңа схеманы бекіту ұсынылады.

■ БІЛІМ

Жоғары білімнің қолжетімдігі үшін гранттарды 2025 жылға дейін жыл сайын 5000-ға ұлғайту көзделген.

– Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды тұғырнамасы аясында жоғары білім саласын дамыту бойынша бірқатар тапсырмалар берді. Біріншіден, студенттердің стипендиясын 2025 жылға дейін 2 есеге арттыру жоспарланған. Екіншіден, барлық студенттерге әлемдік цифрлық кітапханаларды тегін пайдалануын қамтамасыз ету. Үшіншіден, студенттік жатақханаларда орын тапшылығы мәселесін шешу. 2023 жылы ЖОО басшыларымен бірлесіп, осы міндеттерді іске асыру бойынша жұмыстар басталады және жалғастырылады, – деді ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек кеңейтілген алқа отырысында.

Министр өз сөзінде министрліктің даму стратегиясына негіз болған жоғары білім берудің басым міндеттеріне тоқталып, «жоғары білімнің қолжетімдігі үшін гранттарды 2025 жылға дейін жыл сайын 5000-ға ұлғайту көзделгенін» атап өтті. Шәкіртақы мөлшері бойынша да осындай динамика болмақ.

Спикер айтқандай, Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында жаңадан «Ғылым және технологиялық саясат туралы» ҚР Заңы әзірленеді. Ол ғылым саласындағы жаңа бағытқа көшуге негіз болмақ және сол арқылы ғылым мен технологияның тың моделін енгізу қамтамасыз етілмек.

■ МОНИТИЗАЦИЯ

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енген атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларына көрсетілетін кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы монетизациялау, ата-аналарға балалардың жеке қажеттіліктеріне қарай керекті тауарларды өз бетінше таңдауға мүмкіндік беретін болады.

2022 жылы әлеуметтік көмек алатын отбасының әрбір мүшесіне, яғни әр балаға АӘК-тің орташа мөлшері 6650 теңгені құрады. Табысы аз отбасылардың балаларына қосымша ұсынылатын азық-түлік пен тұрмыстық жиынтықтың құны 5174 теңге деңгейінде белгіленді. Бұл ретте кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы алушылардың ұсыныстарын ескере отырып, 2023 жылдан бастап кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы монетизациялау туралы шешім қабылданды. Монетизация АӘК алатын әрбір балаға ай сайынғы негізде 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақшалай төлем түрінде жүзеге асырылды. Бұл ата-аналарға балалардың жеке қажеттіліктеріне байланысты қажетті тауарларды өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді.

● ЖҮЗДЕСУ

АЛМАТЫ – ИНДУСТРИЯ ОРТАЛЫҒЫ

«Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» өкілдері сенат депутаттарымен кездесті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыдағы индустриалды аймақта 71 жоба іске қосылған. Оның дені жастардың кәсіпкерлік саладағы бастамаларына қолдау білдіру екені анық. Осы бағытта қалада ілкімді істер өз жалғасын табады. Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорация өкілдері депутаттармен кездесті. Өңірлердегі тауар өндірушілері мен жеткізушілері, олардың өндіріс көлемі, шарттары мен сату бағасы туралы ақпараттардың жоқтығы азық-түлік бағасын тұрақтандыруға кедергі келтіреді.

«Алматы «Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» өкілдері Сенат депутаттарымен кездесу барысында осындай бірқатар мәселені көтерді. Сонымен қатар, сала мамандары әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялардың құқықтық мәртебесіне, жұмыс істеу тәртібіне қатысты өз алдына жаңа заңнама қабылдау қажеттігі туып отырғанын жеткізді. Жалпы, қаланың әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы шағын және орта бизнесті қолдау бойынша 420-дан аса жобаны жүзеге асырған. Ал индустриалды аймақ арқылы осы күнге дейін 71 жоба іске қосылыпты.

– Бүгін өте конструктивті талқылау болды. Сенат депутаттары агломерацияға, қаланың дамуына байланысты қабылданған заңнамаларды түсіндірді. Сондай-ақ, 2008 жылдан бері жобасы жасалып келе жатқан әлеуметтік кәсіпкерлік корпорация туралы заңнаманың әлі қабылданбағандығы да сөз болды. Әріптестеріміз өз тарапынан барынша көлүшын созып, мәселелердің оңынан шешілуіне ықпал ететіндерін жеткізді, – деді «Алматы» ӘКК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Ғабдуллин. Бұдан бөлек, кездесу кезінде

студенттердің әлеуметтік жағдайы, жатақхана салуға жер бөлу, энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері талқыланды. Депутаттар қордаланған мәселелер мен қоғамдық кеңестер, ұйымдар көтерген түйткілдерді жинақтап, Сенаттың тиісті комитетіне ұсынады. Қажет болған жағдайда ұсыныстар қабылданып, заңдар мен нормаларға енгізіледі.

– Шешілуге тиісті сұрақтар бар. Оның ішінде салықтық жеңілдіктерге байланысты, несиелік кепілдіктерге қатысты, жастарға берілетін қаражатты игеру мәселесі бар. Бизнес жобаларды жасау, оларды жүзеге асыру деген мәселенің барлығы бір-бірімен қабаттас жүретін сұрақтар. Шешу жолдарын алдағы уақытта тағы да қадағалайтын боламыз, – деді ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп.

Сонымен қатар, индустриялық аймақты өркендету ісін жетілдіру, қаржылық сауаттылықты арттыру турасында ой пікірлер айтылды. Сондай-ақ, жас кәсіпкерлерді қолдау, олардың жобаларының іс жүзінде іске асуына байланысты бірқатар ұсыныстар да ортаға салынды. Бұл жөнінде сенатор А.Масбек Мәкежанов айтып өтті.

– Алматы біздің туған қаламыз деп санаймыз. Осы өлкеде өсіп-өніп, талай қызмет жасадық. Өз кезегінде жастардың бастамаларына қолдау білдіруге даярмыз. Ең өзектісі аталған жобалар әбден пісіп жетілген, артық шығынға ұшыратпайтын болуы шарт. Әйтпесе, осы уақытқа дейін жасалған шаруалардың іске қосылып кетуіне кедергі жасауы мүмкін. Сол себепті де, аталған бизнес жобаларына біз де, өз тәжірибемізге сүйеніп, ой-пікірлер айттық, – деді ол.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

● «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»

ҮЙІҢІЗДЕ ОТЫРЫП ТА ЭЦҚ АЛА АЛАСЫЗ



Алматының Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы 2 миллион 600 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Фарида Бокижанова айтты.



Нұржамал ӘЛШЕВА

Естеріңізге сала кетейік, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы – мемлекеттік қызметтерді көрсетудің бірыңғай провайдері. Ол барлық мемлекеттік қызметтердің 95,9%-ын төрт негізгі бағыт бойынша, атап айтсақ, халыққа қызмет көрсету, әлеуметтік қамсыздандыру, жер кадастры,

жылжымайтын мүлік бойынша көрсетеді.

«Қазіргі күні мемлекеттік қызметтердің 94%-ы «Электрондық үкімет» порталы арқылы онлайн түрде қолжетімді, 940 қызмет смартфон арқылы, 26 қызмет проактивті және 38 қызмет «Бейне ХҚО» форматы арқылы көрсетіледі», – деді Ф.Бокижанова.

«Азаматтарға арналған үкіметтің» Алматы қаласы бойынша филиалы былтыр жыл бойына Ха-

лыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы 2 665 567 мемлекеттік қызмет көрсеткен. Ал өзіне-өзі қызмет көрсету секторлары арқылы 1 376 486, 945 433 қызмет мамандандырылған бөлімі бойынша көрсетілген.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы бойынша 13 фронт-офис, 4 мамандандырылған бөлім, 1 көші-қон бөлімі және 13 бэк-офис жұмыс істейді. Алматы қаласындағы оқу орындары мен емханаларда өзіне-өзі қызмет көрсету секторларында 293 жұмыс орны, сонымен қатар автосалондарда жұмыс орындары ұйымдастырылған.

Брифинг барысында спикерлер тұрғындар ЭЦҚ алу, көлігін тіркеу, жүргізуші куәлігін алу, жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру және тіркеу туралы құжаттар бойынша жиі жүгінетінін атап өтті.

Сонымен қатар, Фарида Бокижанова 2022 жылы жүзеге асырылған пилоттық жобалар туралы да тілге тиек етті. Атап айтсақ, былтыр құжаттандыру саласында пилоттық жобалар жүзеге асырылған. Мемлекеттік қызметтердің барлық түрі бойынша қағаз түбіртектерден бас тартты. Электрондық қосымшалар, SMS арқылы хабарламаларға қол қою арқылы қызметтер көрсету енгізілді. Мобильді қосымша, мобильді ХҚО, бейнеқоңырау арқылы ЭЦҚ алу да тың жаңалық болды. «Яндекс» және «My khat» сервистері арқылы дайын құжаттарды жеткізу қызметі де уақыт ұтуға таптырмас әдіс болған секілді.



КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

АЛМАТЫДА ҚАТТЫ АЯЗ БОЛАДЫ

Мамандар қала тұрғындарына ауа райына байланысты кеңес айтты



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

(Басы 1-бетте)

Осыған орай, кеше Әлеуметтік қызметтер үйінде Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының мамандары журналистерге арнап сұхбат берді. Онда алдағы күндердегі күн райының суытуына байланысты қалада атқарылатын жұмыстар туралы айтылды.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы көріктендіру бөлімінің басшысы Айдын Қалабаевтың айтуынша, бүгінде қаланың коммуналдық қызметтері күшейтілген режимде жұмыс жасап, өндірістік базаларда тәулік бойы кезекшіліктер ұйымдастыруда. Өткен жылы қыста қала бойынша 45 мың куб қар шығарылған. Ал биыл 1 қаңтардан бастап бүгінгі күнге дейін 62 мың куб қар қала сыртына жөнелтілді. Сала мамандары күн суытқан кезде алматылықтарға мейлінше жылы киініп жүруіне, ал автокөлік тізгіндегендерге жылдамдықты азайтып, асқан сақтықпен көлік жүргізуге кеңес берді. Сонымен қатар, қаланы қардан тазалау кезінде жол жұмысшыларының еңбегіне құрметпен қарауды сұрады.

— Алдағы күндері қалада екі күн бойы қалың қар жауып, ауа райы күрт суытады деп күтілуде. Осыған орай, қала жолдарында жүргізушілерге жылдамдықты азайтып, көлік арасындағы арақашықтықты ұлғайтуға кеңес береміз. Ал жаяу жүргізушілерді тротуарлармен жүргенде абай болуларын сұраймыз. Жұмысқа кешігудің алдын алу үшін үйіңізден ертерек әрі жылы киініп шыққандарыңыз дұрыс, — деді Айдын Айдарұлы.

Қар тазалау жұмыстары қалай жүргізіледі?

Журналистердің қойған сауалына Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы көріктендіру бөлімінің бас маманы Сергей Викторов жауап берді:

— Қар тазалау технологиясы бойынша

тазалық жұмыстары басталмас бұрын, алдымен көшелерге көктайғаққа қарсы арнайы техникалық тұз қоспалары себіледі. Бұл жұмыстар қардың асфальт жабынына жабысып, қатып қалмауы үшін жүргізіледі. Сондықтан қар жауа бастаған кезде «Гидрометтің» ескертпелеріне сәйкес белгіленген орындарда тұз, құм секілді қоспалар себетін арнайы техникалар алдын ала дайын тұрады. Әр техника өзіне белгіленген бағыт бойынша жұмыс жасайды. Арнайы қоспалар себілгеннен кейін жолдардағы қарлар ери бастайды. Міне, осы кезде көшелердегі тазалық жұмыстары басталады. Кейде қала тұрғындарынан көшелер қардан тазаланбай жатыр деп көп шағым түсіп жатады. Қар тазалау оңай жұмыс емес. Сондықтан біз алматылықтардан жұмысшыларға мейлінше түсіністікпен қарауды сұраймыз, — дейді ол.

Бас маманның айтуынша, егер қар қалың жауса, қоспаларды себу жұмыстары әр 5 минут сайын қайталанады. Жұмысшылар қарларды алдымен сыпырып, көше бойла-

рына үйіп шығады. Содан кейін барып қана арнайы техникаларға тиеліп, қала сыртына шығарылады. Жалпы, қаланың коммуналдық қызметтері мегаполисті қардан тазалауға арналған техникамен толық қамтамасыз етілген. Бас маман егер қалада қар шамадан тыс жауатын болса, құрылыс компаниялардың көмегіне жүгінеміз дейді. Айтуынша, құрылыс компанияларының көліктері қыс кезінде көбінесе бос тұрады. Сол себепті, олар бізге 150-ге жуық самосвал, 100-ге жуық жұмысшысымен көмектесуге дайын. Арнайы келісім-шартқа отырған.

Сала мамандарының айтуынша, Алматыда қар тазалау жұмыстарымен 10 мердігер компания айналысады. 969 арнайы техника мен 1400 жол жұмысшы бар. Әдетте олар күндіз және түнгі уақытта екі ауысым бойынша жұмыс істейді. Бірақ қазіргі жағдайға байланысты тәулік бойы жүргізілетін жұмыс кестесіне ауыстырып отырмыз.

— Ертең, бүрсігүні қалада қалың қар жауады деп күтілуде. Сондықтан тазалықшылар үшін үздіксіз жұмыс күтіп тұр. Жол жұмысшылары үшін барлық жағдай жасалған. Өндірістік база аумағында арнайы тынығатын бөлме бар. Онда жұмысшыларға арнап аспаздар ыстық тағамдар әзірлейді, — дейді А.Викторов.

Айта кетейік, аудан әкімдіктерімен басқарма мамандары бірігіп, қаланың негізгі магистральдық көшелеріндегі қарлар 3 жұмыс күні ішінде толығымен қала сыртына шығарылады. Жалпы, көктайғақтың алдын алу мақсатында коммуналдық қызметтер жолдарды қардан тазартуға 969 техника (оның ішінде құмшашқыш, самосвал) мен 1400 жол жұмысшысы жұмылдырылады.

Айта кетейік, Алматыда соңғы рет қалың қар 2016 жылы жауыпты.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.


ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Шаһарда тағы 17 сейсмикалық станция орнатылады

Бұл туралы ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың Сенат депутаттарының сауалына берген жауабында айтылған.

**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

«Азаматтық қорғау жүйесін сейсмикалық қауіпті өңірлердегі жойқын жер сілкіністеріне дайындау мақсатында «Қазақстан Республикасының 2021–2023 жылдарға арналған сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тиімділігін



арттыру жөніндегі шаралар кешені» жол картасы бекітілді. Жол картасын іске асыру аясында мүдделі мемлекеттік органдар: облыстар аумағын егжей-тегжейлі сейсмикалық аудандастыру карталарының жиынтығын әзірлеу; бақылау станцияларын құру арқылы сейсмологиялық бақылау жүйелерін

дамыту; жер сілкінісі туралы ерте құлақтандырудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу; жер сілкінісі туындаған жағдайда материалдық ресурстар мен қаржылық резерв құру; халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу және персоналды, өндірістік, жарылыс-өрт қауіпті объектілердің қызметкерлерін оқыту және басқалары қолға алынды», — деді ҚР Премьер-Министрі.

Бытыр Шығыс Қазақстан облысы үшін 10 сейсмикалық станция сатып алынған. Бақылау станцияларының желісін кеңейту мақсатында Алматы (5 үздіксіз тіркеу станциясы) және Шығыс Қазақстан облыстарында (3 күшті қозғалыс станциясы) 8 сейсмикалық станция орнатылды. Сейсмикалық жабдыктардың бір жиынтығын 2023 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Ушанов ауылында орнату жоспарланып отыр.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

БЮДЖЕТ

2023 жылға арналған қала бюджетінің жалпы сомасы

1,3 трлн теңгені құрайды.



Биыл денсаулық сақтау жүйесін дамытуға

31,5 млрд теңге бөлінеді.



Өткен жылы әлеуметтік бағдарламалар аясында

3167 алматылық баспаналы болды.



Алматы мектептерінің

3000 мұғалімі 2023 жылдан 2025 жылға дейін өз біліктіліктерін арттырады.



Қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жаңғыртуға 2025 жылға дейін

40,9 млрд теңге бөлінеді.



2025 жылға дейін Алматының жеке секторындағы

үйлер **100%** көгілдір отынмен қамтамасыз етіледі.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Алматыда сенбі-жексенбі күндері ауа райы күрт жылынып, қар еріді. Ал кеше таңертеңнен бастап жаңбыр себелеп тұрды. Ауа райын болжаушылар алдағы күндері күн суытып, аяз болатынын айтып, дабыл қағуда.

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қыстың қызығымен қатар, адам өміріне қауіп төндіретін кездері болады. Мәселен, қыста күн бірден жылынып, кейін суық қайта түссе, жер беті мұз болып қатып қалады. Тіпті, жаңа жауған қардың астында да көрінбейтін мұз жатуы мүмкін. Ал мұздың үстімен жүру кім-кімге де қауіпті.

Көктайғақтың жалпы кез келген адам үшін де, шаруашылық үшін де зияны шаштөктен. Неге десеңіз, көктайғақ болғанда жол қатынасы қиындап, жаяу жүргіншілер арасында да жазатайым жағдайлар жиі орын алады. Жалпы, көктайғақ салдарынан жарақаттанып қалмау үшін мейлінше абай болып, асықпай жүрген дұрыс. Мәселен, аялдама, баспалдақ, табалдырық адамдардың ең көп құлайтын жері. Әсіресе, баспалдақпен жүргенде байқаңыз, мүмкіндігінше құм төселген жерлермен жүріңіз. Жүргенде де әр қадамыңызды нық басыңыз, асықпаңыз. Себебі, асыққан кезде қауіп күшейеді. Тайып құлауыңыз, сүрініп кетуіңіз әбден мүмкін. Сонымен қатар, күн суытқанда егде жастағы тұрғындардың сыртқа шығуды шектегені дұрыс. Ал егер шыға қалған жағдайда қарттар басында резеңкесі бар таяқ ұстағаны абзал. Содан кейін көктайғақ кезінде жүріп келе жатқан көлікке жақындамаңыз. Бұл өте маңызды.

ҒИМАРАТҚА ЖАҚЫН
ЖҮРМЕҢІЗ!

Күн сәл жылыса, қар еріп, оның суы ғимарат жиегіне қатып жатады. Ал шатыр жиектеріндегі мұз уақыт таңдамайды, кез келген кезде төмен қарай құлай салады. Егер салмағы ауыр мұз құласа, кімді болмасын жазатайым жағдайға ұшыратары сөзсіз. Сондықтан қала тұрғындарына көшеде жүргенде ғимараттарға, үйлерге жақын жүрмеулерін ескертеміз. Шатыр жиегіндегі мұздарды кім тазартар?

«Алматы тазалық» МКК-нің Алматы ауданы бойынша бөлім басшысы Азамат Алуадинұлының айтуынша, қазіргідей күн райы бұзылып, қалың қар жауса, мегаполисте тазалық жұмыстары бойынша жұмыс жүктемесі көбейеді. Естеріңізде болса, бұған дейін жыл он екі ай тұрғын үйлердің



ауласын тазалау жұмысына ПИК жауапты болған еді. Тиісінше, жұмыскерлердің айлық жалақысы тұрғындар тарапынан жиналатын қаржы есебінен төленіп келген. Қала әкімінің ұйғарымына сәйкес, биыл 1 қаңтардан бастап, енді ауланы күтіп ұстау жұмысы әкімдік қарамағына өтті. Шатыр жиегіндегі мұздарды қай мердігер компания алса, солар тазартады.

– Төбедегі мұздан арылудың да машақаты көп. Кейде көпқабатты тұрғын үй шатырында қатқан мұзды ойып түсіру үшін пәтерлерге кіруге тура келеді. Бірақ оған кейбір тұрғындар арасында түсініспеушілік туындап, жанжал шығаратындары да кездеседі. Сондықтан біз адам өміріне қауіп туғызбай, оның алдын алу үшін тұрғындарға түсіністік танытуларын сұраймыз, – дейді тазалықшылар.

ЖҰҚА МҰЗ – БАЛАЛАР
ОЙНАЙТЫН ЖЕР ЕМЕС

Қыс кезінде ойын балалары үшін мұз үстінде сырғанақ тебу – нағыз мейрам екені белгілі. Кейде қаланың шеткі аудандарындағы өзен-су қоймаларының бетіне қатқан мұз үстінде бірі аяғына коньки байлап, екіншісі сырғанақ теуіп зулап жүрген балаларды байқаймыз. Әйтсе де, бұл өте қауіпті. Себебі, мұз жұқа болуы мүмкін. Ал жұқа мұз – балалар ойнайтын жер емес. Сондықтан ата-аналардың балаларға жұқа мұзда коньки, шана, шаңғы тебуіне жол бермегені жөн. Жалпы, мұндай мұз айдындарында сырғанақ тебуге қас қарайысымен қатаң тыйым салынады. Егер ережелер сақталмаса, қайғылы оқиға әкеліп соқтыратыны айтпаса да түсінікті. Естеріңізде болсын, сырғанақ тебуге те-

ЖҮРГІЗУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

- Көлік тізгіндеген жүргізушілерге автокөліктің техникалық жағдайына, әсіресе, тежеуіш жүйесіне, дөңгелектердің жарамдығы мен оның маусымға сәйкестігіне назар аударуы керек.
- Мектеп жанында, көпірде, көше қиылыстары мен бұрылыстарда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жылдамдықпен жүріңіз.
- Қозғалыс кезінде көліктер арасындағы қашықтықты әдеттегіден алысырақ ұстау қажет. Сырғып кетіп, өзіңіз және айналаңыздағылар зардап шекпеуі үшін күрт қозғалмаңыз.
- Автокөлікпен алыс жолға шығуды мүмкіндігінше шектеңіз.

реңдігі 90–120 см-ден аспайтын акваторияларда ғана рұқсат беріледі.

СУПЕРҚАҺАРМАН
ТАЗАЛЫҚШЫЛАР

Еңбегін көп елемегенімізбен, қала көшелерін тазалайтын жұмысшылардың еңбегі зор. Біз таң атпастан қолына күрегің

алып, алып қаланы тазартуға шығатын әрбір еңбек адамының жұмысын бағалауға тиіспіз.

Өткен аптада Алматының тазалықшылары Голливуд супер қаһармандарының киімін киіп, қар күреді. Қызметкерлер ұсынған идея қала тұрғындарының көңіл күйін көтерді. Қарапайым еңбек адамдары осындай әдіспен суперқаһармандар тек экранда емес, арамызда да болатынын көрсеткілері келген. Ерекше киім киген қар күреушілерді Алмалы, Бостандық, Жетісу аудандарынан кездестірген тұрғындар олардың бұл идеясына тәнті болып, естелікке суретке түсіп жатты.

Қазір қаланың әр көшесінде жол жиектерін сыпырып, қар күреп, қажет деген жерлерге тұз сеуіп жүрген жандарды жиі кездестіреміз. Бұл алдағы суықта көшелерді мұз қатудан, көктайғақтан сақтайды. Өйткені, тұз қанша суық болса да қатпайды, керісінше, мұзды ерітеді. Жолдағы мұзды кетірудің басқа амалы жоқ.

Қаланың коммуналдық қызметтері қар жауған сайын көшелерді үздіксіз тазалап ақ жатыр. Бірақ Алматының аумағын қардан тазарту жұмыстары бір күнде біте салатын жұмыс емес. Жалпы, ғимарат жиегіндегі қауіп төндіріп тұрған сояудай мұз арнайы техниканың көмегімен алынады. Қазір қалада суықтың беті қайтып, күн жылынғалы төбегеді мұздар өздігінен еріп құлап жатыр. Шатырдағы мұзды алып тастауға мүмкіндік болмаған кезде, қауіпті жерлерге лента байланады. Ал аудан әкімдіктерінің коммуналдық шаруашылыққа жауапты мамандары қауіпті жағдайдың алдын алу жұмысын жіті бақылап отырады.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖАҢА БАҒЫТ

Алматыда 10 қаңтардан бастап №49 жаңа маршрут іске қосылады

Ол Б.Момышұлы метро бекетінен Абай даңғылы – Әшімов көшесі – Сәбденов көшесі – Алатау даңғылы – Алтын орда көшесі бойынша, одан әрі Карьерная көшесімен жүріп, кері бағытта бұрылады да, сызбасы бойынша қозғалатын болады. Бағыт бойынша 7 жаңа автобус 13 минуттық жиілікпен қала тұрғындарына қызмет көрсетеді.

Алматы қалалық мобильділік басқармасының хабарлауынша, кейбір маршруттардың қозғалыс схемалары өзгертілді. Апаттық жағдайлардың алдын алу мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 9 қаңтардан

бастап №59, №113 «Алматыэлектротранс» ЖШС маршруттарының сызбалары өзгертіледі. Енді олар Құлжа трактімен ШААЖ-қа қарай жүріп бара жатқанда Рысқұлов даңғылына шықпай көпірдің үстімен жүріп өтетін болады.

Ал 10 қаңтардан бастап №53

маршруттың соңғы аялдамасы өзгертіледі. Енді ол Кемертоған ауылына дейін жүріп, Мектеп аялдамасынан бұрылады да, кері қарай сызбасы бойынша қозғалады. Маршрутта 8 автобустың орнына 11 жаңа жылжымалы бірлік қызмет көрсететін болады.



ПОЙЫЗ КЕСТЕСІ

БІРҚАТАР БАҒЫТТАР
ӨЗГЕРЕДІ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ дерегінше, Алматы мен Петропавл арасындағы №105/106 пойыз қозғалысы жиілігіне өзгерістер енгізіледі.



2023 жылдың 14 қаңтары мен 6 наурызы аралығында жүгіру жиілігі өзгерді: енді пойыз күнде емес, екі күн сайын жолда болады. Бұған басты себеп – «Тальго» пойызын қайта жөндеуден өткізу.

Пойыздар қатынайды: – Алматыдан қаңтарда – тақ сандар бойынша, ақпан және наурызда – жұп сандар бойынша;

– Петропавлдан қаңтарда – жұп күндерде, ақпан және наурызда – тақ сандар бойынша. Токтатылған рейстерге билет алған жолаушылар багажы, жүктері, теміржол көлігімен тасымалдау ережелеріне сәйкес билет құнын толығымен қайтарады.

Бұған дейін Алматы–Шымкент бағытындағы пойыздың тоқтатылғаны хабарланған болатын.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Ханкелді ӘБЖАНОВ,
тарих ғылымының
докторы, академик:

БӘСЕКЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА БАСТАЙДЫ

Бұл жолғы бағыт-бағдардың мәнін Президентіміз Amanat партиясының кезектен тыс XXIII съезінде сөйлеген сөзінде былайша тиянақтады: «Жаңа Қазақстан дегеніміз – шын мәнінде Әділетті Қазақстан».

Қысқа да нұсқа, тамаша анықтама! Жемқорларға, заңды белден басушыларға ұнай қоймас, ал мен үшін көктен іздегенім жерден табылғандай болды. «Әділетті» сөзінің бірнеше синонимі бар: «Әділет», «Әділеттілік», «Әділдік». Бәрінің түбірі бір сөз – әділ. Осынау сөзді кезінде хакім Абай да молынан қолданған екен. Әділ жан тентекті де тыятынын, дұшпанына да қиянат жасамайтынын өлеңмен өрнектепті. Абай «Әділетті» сөзін бірде хакінің жолы деп білсе, келесіде ерлік мағынасында қолданады. Мұндағы хақ – Құдай, ал ерлік дегені, ғұламаның сөзімен айтсақ, «әділетті

ақыл мойындаған нәрсені, қиын да болса мойындау».

Иә, бүгінгі Қазақстан үшін әлеммен бәсекелесуден бұрын, хақ жолына түсу маңыздырақ болып тұр. «Ұрлық түбі – қорлық», «Өтіріктің арты бір тұтам» екеніне көзіміз әбден жетті. Өтірік пен ұрлық бір жыл, екі жыл емес, ондаған жыл бойы қоғамымызды обырдай жеген екен. Енді міне, Тұңғыш Президенттің мәртебесіне, Конституцияға қатысты мәселелерді қалай шешерімізді білмей отырған жайымыз бар.

«Кім – кімді?» сұрағымен

бетпе-бет келдік. Мұндайда батыл да бастамашылдықпен қимылдағандар ғана жеңіске жетеді. Қаңтардағы бүлік тұсында Қ.Тоқаев қалай ерен батырлық көрсетсе, енді бүгін одан он есе ірі ерлік пен қаһармандық керек. Жартыкеш шешім мен әрекет жарға соқтырады. Тәуелсіздік дұшпандарының күткені де сол. Қолы таза, ақыл-ойы сергек әрі жаужүрек жігіттерді жұмылдырғаннан басқа жол жоқ.

Әділетті Қазақстанды адал да әділ жандар ғана құра алады. Әділет салтанат құрғанына көзі жеткен сәттен халықтың жасампаз бұла күші сыртқа шығады. Билік сол құлшынысқа сай болса, әлемдік бәсеке биігінен көрінеріміз сөзсіз. Халық пен билік және зиялы қауымның әділдікке құрылған одағына ешқандай қара ниетті күш қарсы тұра алмайды.



Айдар ӘМРЕБАЕВ,
Саяси зерттеулер
орталығының
директоры:

ЕЛ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Әділетті Қазақстан – саяси идеологияға айналуға. Бұл – оң бастама. Әділеттілік – қазақ халқының ежелден тамыр тартатын ұғымы. Біздіңше айтқанда, халықтың үміті дер едік. Мұны бір жағынан дәстүрлі қоғамда дінмен астастырады. Бір қызығы, кездейсоқтық сияқты. Өрбіріміз жарық әлемде туыламыз, өсеміз, өнеміз, шамның шырағы сияқты сөнеміз. Осы әділеттілік пе? Әрине, парадокс. Түсіне білгенге, ол бір тылсым құпия!

Аталған терминді тартатын көрелік. Мұның бірнеше түрі бар. Дәлірек, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және қарым-қатынастағы деп бөле аламыз. Тағы да басқа бірнеше интерпретацияға жіктеле береді. Бай болса, адам баршаға бірдей бола қоймайды. Билікке келсе де солай. Әркімнің философиялық көзқарасы болады. Ең негізгісі, ішкі жан-дүниесі таза, ойы нық болғаны абзал. Сонда өмірдегі толассыз сауалдардың жауабы табылып қалар.

Жаңарған қоғамды әп-сәтте

құрып тастау қиын шығар. Өйткенмен, қол қусырып отыруға болмайды. Қолдан келгенше әрекет керек. Мәселен, болашақтың істерін қазірден бастау қажет. Оны ертеңге ысырмайық. Жастарға жол берейік. Оларды әлеуметтік, моральдік, рухани жағынан қолдайық.

Біздің жастығымыз кеңестік кезеңмен байланысты. Сол шақта өстік, өндік. Оқудың бәрін сол уақытта оқыдық. Алайда, қазіргі заман басқа. Бәрі тез болып барады. Өсіресе, жастар мәселесін жылдамдатып шешкен дұрыс. Қолынан іс келетін азаматтар сыртқа кетпеуі тиіс. Мүмкіндігінше елге сапалы кадр алып қалайық. Қазақ жастары далада қаңғымауы керек. Үлкен

қалаларда ауылдан келіп тірлік қылады. Пәтер жалдап, азын-аулақ қаражатты табады. Бірден ешкім лақ еткізіп ақша бермесі анық. Көрдіңіз бе, мәселе қайда жатыр.

Пайымдауымша, жастардың баспаналы болуына жағдайды көбірек жасау керек. Небәрі бірнеше жылда үйлі болсын. Үйленіп, халықтың санын арттырсын. Далада қаңғып жүргендер қайдан үйлене алсын. Сол себепті де, жас азаматтарға мойын бұрып қарайтын дәуір тұды. Өйтпесе, XXI ғасырдың ашық ақпарат заманында оларды қолда ұстап тұру мүмкін емес. Басы алтынға бергісіз мамандарымызды шет жақ өзіне тартуда. Өйткені, бар жағдайды жасап қойған. Ол басқа дүниеге бас қатырмайды. Өзіне берілген ісіне ынты-шынтысымен кіріседі. Мұның баршасын жәй айтып отырған жоқпыз. Ендігі заман – жастардың қолында. Отаншыл арда азаматтарды тәрбиелеу басты қағида болғай. Сонда ғана жаңа толқынның елді дамыту жолында бәсі артады.

Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Серік НҰРМҰРАТОВ,
философия ғылымының докторы, профессор:

ӘДІЛЕТ САЛТАНАТ ҚҰРАТЫН ДӘУІР БАСТАЛДЫ

Әрбір жан ертеңгісі бүгінгісінен жақсы болуды ойлайды. Сондықтан алғашқы қадамдарымыз жақсы деп санаймыз.

Алғаш рет ақпан айында Мемлекет басшысы тарапынан бастама көтерілгенде Философия, саясаттану және дінтану институтында Жаңа Қазақстанға байланысты жиын өткізгенбіз. Бірнеше ғылыми зерттеу институттармен қоса «дөңгелек үстел» өтті. Ондағы ойымыз – осы идеяға үн қосу еді. Сонда бастапқы қадам «Конституциялық рефор-

ма» деген болатынбыз. Біз Ата Заңымызды нақтылап алсақ, сонда ғана ол тұғыр болады. Сонда ғана одан әрі жылжымыз. Өйткені, олигархтар айрықша шалқып, қалғаны тұрмыс тауқыметіне батып, ортадан төмен өмір сүретіндердің шамасы көбейіп кеткен екен. Демек, қарама-қайшы мәселелер көп. Ол әр салада байқалады. Оның ішінде рухани, мәдени салада қателік жетерлік. Осыны түзеудің жолы – құқықтық реформадан бастау керек болды.



Әділетті Қазақстан тек ұрандудан тұрмайды. Нақты қадамдар қажет. Тездетіп реформалардың орындалғанын қадағалап, нәтижеге жұмыс істеуіміз керек. Бұрын ғалымдармен жұрт санасатын еді. Сол дәрежеге қайта көтерілейік. Абай айтқан «толық адам» ұғымы сонда ғана жүзеге асады. Кемелденген, ақыл-парасаты толыққан адам көш бастаса оңамыз. Ол үшін бітпейтін жалған есеп, ақпар беруді тоқтатайық.

Біздің жұрт жақсылықты күтіп отыр. Оның бір парасы орындалып та жатыр. Алайда, қазаки санамен ойлайтын жастарды өсіру қажет. Бүгінгі қоғамның ой-санасы сонау XX ғасырдағы Абай заманынан аса бір өзгере қоймады. Айырмашылық технологиялық прогресс пен интернет болар.

Бір сөзбен түйгенде, әділет салтанат құрған заман болған. Бәлкім, сонда қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған дәуір орнайды. Бәріміз бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай бірігіп тірлік етейік.

Қазақ мемлекеті мәңгі жасасын!

Ғалымжан КЕРІМБЕК,
экономика ғылымының кандидаты:

ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖАЛҒАСАДЫ

курс қайта жүзеге асырылды. «ҚазМұнайГаз» ҰК IPO нарығына шығуы, бизнесті жүргізу жағдайларын жеңілдету және әкімшілік кедергілерді азайту шаралары іске асырылуда. Халықты әлеуметтік қолдауды күшейту бойынша шаралар белсенді жүзеге асырылды. Халықты атаулы әлеуметтік көмекпен қамтуды ұлғайту (аталған көмекті алушылардың саны 750 мың адам, ал оның жалпы көлемі 60 млрд теңге) денсаулық сақтау және білім беру саласындағы қаржыландыру сомалары да өсті.

Экономиканы әртараптандыру, бәсекелестікті дамыту және монополиясыздандыру бойынша маңызды реформалар тәжірибелік іске асыру кезеңіне өтті. Осы реформалар аясында, Қазақстанға шикізаттық емес секторды дамыту үшін бірнеше шетелдік компаниялар тартылды.

Мемлекет басшысы реформалардың негізгі бағыттарын, оның ішінде тарифтік реттеу ауқымын төмендетуді, салық пен бюджет саясатының тиімділігін арттыруды, сондай-ақ экономиканың өндірістік секторына банктік несиені беруді ынталандыру мақсатында ақша-несиелік реттеуді белгіледі.

Түбегейлі өзгерістер саяси институттар, орталық және аймақтар арасындағы өкілеттіктер

тердің бөлінуіне, өкілді билікті қалыптастыру қағидаттарына, экономикалық қатынастарға әсер етті. Президенттің Жолдауымен және конституциялық түзетулердің қабылдануымен референдумда елдің ауқымды құрылымдық саяси жаңғыруы іске қосылды.

Саяси реформалар экономиканы жаңғыртуға және әл-ауқаты арттыруға мүмкіндік беретін жаңа экономикалық саясатты іске асырудың берік негізін қалады және біздің еліміз үшін алдағы онжылдықтардағы өзгерістердің бастамасы болды. Еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде әлі де көп нәрсені өзгерту керек. Ол үшін азаматтық қоғамның және бизнестің белсенді араласып қатысуы қажет. Азамат, қоғам, бизнес пен мемлекет арасындағы тұрақты қарым қатынастар және ашық диалог орын алған жағдайда ғана нәтижелі шешімдерге қол жеткізуге болады.

Президент Қ.Тоқаевтың реформалық бағытына сәйкес 2023 жылы біз бірқатар экономикалық реформаларды жүзеге асыруымыз қажет. Ал енді әрине, экономиканы басқарудың іс жүзінде табысты жұмыс істеуі нақты реттелген тетіктерді қажет етеді және нәтижелі жұмыс істеп тұрған институттардың тиімділігіне байланысты екені рас.





ПРЕМЬЕРА

«ЖАН ӘКЕ»
Қазағым,
қайда барасың?

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрында жазушы-драматург Ф.Зеллердің «Жан әке» атты драмасының премьерасы өтті. Аталмыш спектакль қиындыққа толы өмірін шебер көрсетеді. Көрнекті француз жазушысы Флориан Зеллер шығармасы негізімен қазақ сахнасына лайықталып жазылған пьеса көпшіліктің көңілінен шықты.



«Театрға келуді отбасымызбен жақсы көреміз. Міне, театрдың жаңа қойылымын тамашалау бақыты бізге де бұйырыпты. Спектакль қатарынан екі күндей анилаген өтті. Бұл дегеніміз, бекзат өнерге қызығатын жандардың көбейіп келе жатқанын білдіреді. Бұны көріп біз де қуанып жатырмыз. Қойылым әр жастағы көрермендерге ой салып, отбасылық құндылықтарды әспеттеуге шақырады. Спектакльден көзімізге жас алып, ата-ананың қадірін ұғынып қайттық. Актерлік құрам мен театр ұжымына ерекше алғысымызды айтамыз», – дейді Айдана Бейсен есімді көрермен.

Спектакльдің басты кейіпкері – Ақсақал. Өмірдің қызығы мен қиындығын бірге өткерген аяулы жары Әппақ бақилық болады. Тағы бір қайғысы – шетелдікке тұрмысқа шығып кеткен кенже қызы. Жасы келіп, күш-қуат азайып, жады тозған әкені өзінше өбектейтін үлкен қызы Айжан ғана қасында қалады. Бірақ еңбегі, бір есептен, зая, себебі, әкесін «естімейді». Десе де, әкесіне медеу болып өз-өмірлерін жақсартуға бар күшін салады. Алайда, Айжан мен әкесі өмірдің барлық ауыртпалығын аркалап, қиындықтарға мойынсұнып жеңіп шығуға тырысады. Ал жады тозды демесеңіз, рухы мықты, ақыл-ойы орнында – қыздарының тағдырын, ұлттық ұстындардан ажырай бастаған ұрпақты, қазағының болашағын ойлайтын Ақсақалдың жаны жалғыз, мейірімге шөлдеулі...

Психологиялық тұрғыдан күрделі қойылымда шын өмір мен бас кейіпкер қиялындағының аражігін ажырату оңай емес, сіз бен біз күтпеген интригалар да жеткілікті. Әртүрлі жағдайларда ойналатын диалогтарда қарама-қайшы көзқарастар шиеленісе түседі.

ӘШЕКЕЙ

ТАЗАЛЫҚ ПЕН
ӘДЕМІЛІК АЖАРЫ

Соңғы уақытта әлеужеліде «Анаңызға білезік сыйлаңыз» деген жарнамалар көбейіп кетті. Қарап отырсаңыз әрқайсының стилі, әшекейлері көздің жауын аларлықтай әдемі.

Бұрындары кішкентай кезімізде апамыздың күміс білезіктері біршама еді. Немерелері көп болғасын барлығымызға әшекейлерін үлестіріп беруі мүмкін болмайтын. Дегенмен, мінезі жақсылары, апамыздың көңілінен шыққан қыздары өз сый-сияпаттарын алатын. Сол сәтте кішкентай болсам да, әшекейлерге деген қызығушылығым ояна бастаған еді. Менің де жеке әшекейлерім болса деген ойға келетінмін. Осылайша бойжеткен кезімде ұлттық әшекейлерді жинастыра бастадым. Біз бұрындары көрмеген, өзгеше білезіктер мен жүзіктердің бар екендігін ұғындым. Тіпті, әйел адамдардың жасына арналған бұйымдардың болатынын түсіндім. Бұдан халқымыздың әр затқа аса ыждағаттылықпен қарап, ерекше мән беретінін ұғынуға болады. Осы ретте оқырмандарымызға білезіктер мен жүзіктердің кейбір түрлерін таныстырып өтсек деймін.

Әр өңірде әртүрлі
ерекшеліктері болған

Қазақ әйелдері көбіне жұп білезік салған, кейде екі қолына қос-қостан білезік таққан. Білезіктің көлемі мен жуандығы әртүрлі пішінде болып келген. Мәселен, шілтерлеп жасалған селдір білезік, екі басы түйістіріп жасалатын жұмыр білезік, сағат түріндегі жалпақ сағат білезік, жуан алтын, күміс сымдардан өріп құрастырылған өрме білезік, түрлі-түсті тастар орнатылған тасты білезік деген түрлері кездеседі. Осы ретте бір айта кететін жағдай, еліміздің әр өңіріндегі қыз-келіншектер бір-біріне ұқсамайтын білезіктер таққан. Бұл туралы «Қазақтың зергерлік өнері» атты кітапта былай делінген.

«Әр өңірде білезіктің өзіндік ерекшеліктері болған. Шығыс Қазақстанда жұмыр және төрт қырланып соғылады. Солтүстік және Орталық Қазақстандағы әйелдер жұқартып созылған, ширатылған түрлерін қолданған. Оңтүстік өңірлер құйма, үлкен, сом білезіктерді жасаса, Батыстағы жұрт көзді білезіктерді қалаған. Көзді білезіктерді «Үзбелі» деп те атайды. Әр үзбенің үстіне тас орнатылады. Жалпы, құйма білезік, қос білезік, қуыс білезік, бес білезік, топсалы білезік, бұрама білезік, жалпақ білезік, сом білезік, жұмыр білезік, өбістірме білезік сынды түрлері өте көп. Білезік сонау тас дәуірінен бастап әйел әшекейі ретінде қолданылады. Ежелгілері сүйектен жасалған. Бертін келе күміс, алтын және өзге де қолда бар металдар қолданыла бастады. Алайда, көбіне әшекейдің күмістен істелгендері көптеп таралды. Өйткені, күміс қазақ ұғымында киелі металл болды. Ата-бабаларымыз күміс тиген жерін тазартатын күшке ие және адам денсаулығына да тигізер пайдасы мол деп санайды», – делінген кітапта.

Білезік атауы кейде
жасалу тәсілін де білдірген

Бұрындары білезіктердің атауы кейде жасалу тәсілін де білдірген. Осы ретте тағы бір айта кететін жайт, ел ішінде мынандай әңгіме тараған. Үйге шақырылған кісі қонақ болып түскенде үйдегі әйел адамның қолына қарайтын болған екен. Егер қолында күміс білезігі немесе жүзігі болмаса, асы адал емес деп, тамақтанбайтын көрінеді. Енді оған бірінің жағдайы келді, бірінің жағдайы келмеді. Бірақ тамаққа да бақуатты кісілер шақырған. Әшекейлі бұйымдар санатына жататын қымбат білезіктерді дәстүрлі қазақ қоғамында зергер ұсталар арнайы соғатын болған. Сондай білезіктің бірнеше түрін музей қорынан көре аласыздар.



Сондай-ақ, кейбір деректерде біздегідей білезіктер Түрікмендерде, Дағыстан, Үндістан халықтарында кездеседі деседі.

Сақинаны сәнге салмайды

Қыз-келіншектердің көңілінен шығатын бұйымның бірі – жүзік. Қазіргі уақытта жастар мен үлкендердің арасында қуанышты сәттерде көп сыйланатыны да сақина. Бүгінде алтынмен апталып, күміспен күптелген жүзіктердің түрлері де көбейген. Ел арасында «Сақинаны сәнге салмайды, ол – тазалыққа таразы» деген нақыл сөз бар. Бұл сөздің төркіні сақинаның тек сәндік қана емес, гигиеналық та қызмет атқаратынын аңғартады. Сондай-ақ, сақиналардың ішінде ерекшелігімен көпшіліктің көзіне түсетін сақина жайлы тоқтала кетсек. Оны ел арасында «Құстұмсық» деп атайды. Кей деректерге сүйенсек, жас қыздар құстұмсық жүзікті жиі таққан. Ол бақытты балалық шақтың белгісінен көрсетеді. Құстұмсық жүзікті ер балаларға да ырымдап таққан. Ер қолындағы құстұмсық – еркіндіктің, тәуелсіздіктің белгісі және қауіп-қатерден сақтап, жаудың сағын сындырсын деген мағынада. Сондай-ақ, қазақтың хандары да қолдарына құстұмсық жүзікті мөр ретінде таққан, жүзіктерінде араб тілінде есімдері жазылған.

Балдақ сақина – сақинаның саусақ үстіне қараған беті төрт бұрыш болып келетін түрі.

Бұрма сақина – алтын, күмісті есіп жасаған сақина.

Жез сақина – саусаққа салу үшін емес, қамшы, найза, пышақ, қылыш бекіту үшін жасалған мыс шығыршық.

Кавказ сақина – кара ала өрнекті сақина түрі.

Алтын сақина – таза алтыннан соғылған сақина.

Күміс сақина – таза күмістен құйып жасаған сақина.

Құсмұрын сақина – үсті дөңестеу келген сақина түрі.

Мыс сақина – мыстан жасалған ортанқол сақина.

Неке сақинасы – жас жұбайлардың үйлену тойында бір-біріне сыйлайтын сақинасы.

Сақинек – пышақ, қылыш, т.б. құралдардың сапқа жетесі сұғылатын жерін қысып тұру үшін мыс не күмістен жасалатын балдақ, мойнақ.

Сіркелі сақина – бетіне ұсақ түйіршіктерден сірке өрнек салған сақина.

Тасты сақина – тас, шыны орнатқан сақина.

Құдағи жүзік – ертеректегі салт бойынша қыз шешесінің құдағиына сыйлайтын қос дөңгелекті, үсті тұтас комақты, асыл тастардан көз қондырылып, алтынмен қапталған қымбатты бұйым. Мұны қыздың шешесі зергерге арнайы жасатады да, екі жастың қатар тұрған қос балдақ, сақина тәрізді қартайғанша бірге өмір сүруін тілейтіндігінің белгісі ретінде тартады.

Бетті дайындаған Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.
(Деректер ғаламтордан алынды).



ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«ЖАС БОЛСАҚ ТА, САНАЛЫ ҚАЗАҚ БОЛДЫҚ»

(«Almaty aqshamy», №1 (6294) 5 қаңтар, 2023 жыл)



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Қазақ журналистикасында өз қолтаңбасы бар журналист Қайнар Олжайдың белгілі Алаш ардақтысы, шығыстанушы, түркітанушы, мәдениеттанушы ғалым, қазақ дипломатиясының қайраткері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Алтын асық», «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты Мұрат Әуезбен келелі әңгіме құрған «Жас болсақ та, саналы қазақ болдық» тақырыбындағы сұхбатын оқып, Мұрат ағамыздың әлемдік деңгейдегі тұлға болып қалыптасу жолының құпиясын танып-білгендей болдым. «Almaty aqshamy» басылымында жарияланған осы сұхбатқа байланысты газет оқырмандарымен өзімді толғандырған мәселелер жайлы ойларыммен бөлісем деп едім.

Адамның тұлға ретінде қалыптасуына өзінің ішкі ойы, генетикалық механизм, санасы жетекші болғанмен, сыртқы қозғаушы күштер (мәселен, ұлттық тағылым негіздері, әке мен ананың ролі, тарихи оқиғалар, т.т.) әсер ететіні сөзсіз. Бұл – тұлға ғұмырының

«физикасы». Алайда, өмірде тұлға боп қалыптасу бар да, тұлғалық қалыптасу жолын саралап, өзгелерге үлгі болатын тағылымнама негізін жасау және бар екенін түсінгендеймін.

Мұрат ағаның осы сұхбатының ерек-

шелігі – әңгіме мазмұнын ашу барысында өзінің тұлға ретінде қалыптасу тетіктерін саралап-талдап, өз өміріндегі әр адамның болмысын айқын көрсетуі.

Әке келбеті адамгершілік, адамдық аманатқа адалдықпен өрілген. Сұхбат кейіпкері Мұхтардай ұлы тұлғаның әкелік қасиетін, ұлтжандылығы мен ұрпаққа деген қамқорлығын тамаша ашып көрсеткен. Ол әке өсиеті, әке ақылы, әке қамқорлығы, әкелік адалдық және әділетсіздікпен күрес ұғымдары арқылы жеткізіледі.

Ана келбеті сұлулық, білімділік, өмірге құштарлық, ұрпақ болашағы үшін күрес, еңбек пен жеңіс, парасаттылық, халық мұрасын бағалау, ұрпақты ұлтты сүйуге баулу ұғымдарымен үйлесімде берілген.

Әңгіме барысында бала Мұраттың көңілінде жатталған өмір суреттері өте қызықты өрбиді: балалардың ойыны, алғашқы таныған тіршілік иелері, аға қамқорлығын сезінуі, т.б.

Біз оқыған деректерде Мұхтар әке ұлы жазушы, ғалым, еңбектерімен ұрпақ тәрбиесіне үлес қосқан тәлімгер болса, бала Мұрат көзімен осы ұлы бейнені басқа қырынан көреміз: қарапайым азамат, отбасының тірегі, бала тәрбиесін тереңнен ойлаған әке, әулеттің бірлігі мен тірлігін ойлаған жан.

Жалпы, сұхбат ұлылар туралы «төрт құбыласы тең боп тұра қалатын жандар» деген ойдың іргесін сөгіп, ұлылықтың өзі үлкен қиындықтар мен ұлы күрестерден туатын ұғым екенін сезіндіреді. Бұл Мұхтар әкеге де, Фатима анаға да қатысты.

ӘКЕ АМАНАТЫ... Аманатқа адалдық әділеттілік үшін күрестен басталатынын сезінгенін айтады. Әкесінің «сенікі дұрыс!» деген бағдары әділеттілік туын берік ұстауға бастаса, бабалар ізі қалған жерді құрметтеуге баулу – әкеден жеткен аманатты орындау қызметі.

Ұлттың мүддесін ойлау – әке аманатының басты бөлігі. Өз жолын таңдаған Мұратқа қытай тілін таңдау, сол арқылы қазаққа қатысты деректер көзімен танысу туралы кеңесінде байқатқан әке ойына адал болған ұлы оның аманатын әркез есте сақтады. Әке аманаты «Жас тұлпар», «Азамат» қозғалыстарының өзегінде тұр.

Діл мәселесін терең түсінген Мұрат аға түрік тілін таңдауы да – күрес ұшқыны. Қазақ тарихын тереңнен тартса түркі халықтарының мұрасына барып тірелетіні сөзсіз. Ол – бір терең мұхит. Сол мұхитқа құяр бір арна – түрік тілін меңгеру.

Әкеден көрген тәрбие – бүгінгі күнде әулеттің берік негізі. Зифа-Алуа ғылымдағы ісі ерен шығыс тілдері маманы болса, Мағжан – ел экономикасына үлес қосып отырған қайраткер. Жеке-жеке болмай, әкемен бірлесе жұмыс істеп, ғылымға да, әдебиетке де үлес қосып отырған қуатты «ҮШТІК».

Тағылымдық маңызы зор сұхбат оқырманға «Адам. Тұлға. Тағдыр» деген мазмұнда әр адамның өз кезеңінің тарихынан шет қалмайтынын, оның қалыптасу жолы адамдардың өмірінен тыс болмайтынын, өткеннің тәжірибесі мен сынақтарының болашақ, болашақтың тұлғасы жасалмайтынын білдіреді. С.Мұқанов, М.Қаратаевтардың бағасын түсірмеуі – үлкен өнеге. Сонымен бірге, әңгіме арасында Әуезхан, Айған, Салахаддин, Асқар, Болатхан, Ғалымдардың тұлғасының ерекшелігі ашылып, ой салып отырады. Сұхбаттан керемет әсер алдым.

Айсұлу ҚАСЫМБЕК.

БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ



«Сиқырлы даланың баласы» (Мағжан Жұмабаев оралымы) Ұлықпан Есілханұлы жастайынан, уылжыған уыз шағынан даналықтың, сұлулықтың, меірібандықтың ұясындай Ел-Ананың, Жер-Ананың

сырын, негізін, тамырын, тарихын сұңғыла зейінмен қабылдаған, зерделілікпен түсінген және де ел қазынасы, ер қазынасы, тіл қазынасы ескі сөздерді жадына мықтап тоқыған сөз зергері.

Бердіқұловтың шарапаты тиген ән

Сонау XX ғасырдың 70–90-жылдарында түрлі аудиторияларда, жиын-мәслихаттарда жүрегі шок, жанары от, кеудесі сырсаңдық Ұлағанның билерше толғанып, ақиқаттың ақ туын жоғары ұстап, кесіліп-төгіліп сөйлегенінің талай рет куәсі болғаным бар. «Ескі тарих төрінен, алтын-жақұт түрлерін қазып алған» абыздай дерсің. Немесе аспаннан шұға жауғандай, бұлт үйірілгендей әсерге бөленесіз. Себебі, көркем, қисынды мөлдір ойлар лек-легімен құйылады. Расында, оның тапқырлық, айтқыштық, шешендік өнегесі әмбеге аян. Әрі тектілік, әрі білімділік, әрі біліктілік, әрі сүйектегі асылдық. Ол – қараөктің тұқымы, асылы, заттығы ұлы баһадүр қолбасшымыз Қаракерей Қабанбайдың түп-тура сегіз қырлы, бір сырлы өнерлі сегізінші ұрпағы.

Бұлайша ой толғаудың да, сөз саптаудың да терең сыры бар. Көркем әдебиетке інкәр Ұлықпан 4-сыныпта академик жазушы Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романын ынтыға қызықтаған. Мүмкін осы романның басындағы: «Күн көзіндей жарық бар, Ботагөздің көзінде. Телгей теңіз тарих бар, Ботагөздің сөзінде» дейтін эпиграф та оның өмір сүру стратегиясын айқындаса керек. Немесе 8-сыныпта жиыны 720 кітап оқыған. Нағыз қазына: ой байлығы, қиял байлығы, тіл байлығы, сезім байлығы, рух байлығы. Мақсаткерліктің, еңбекшілдіктің, ілім-білім, өнерге құмарпаздықтың нәтижесін-

«ЖАСТЫҚ ЖАЛЫН, АСЫЛ АРМАН, АҚ НИЕТ»...

«Той жыры» әнінің сөзін жазған автор туралы не білеміз?



«ҚР білім саласының құрметті қызметкері», «ҚР мәдениет қайраткері», «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының, ҚР педагогика ғылымдары академиясының және Халықаралық ақпараттану академиясының академигі.

«Мәуелі ағаштың маңайы базар»

Кейіпкеріміздің өмір жолы жақсылықтар мен жаңашылыққа толы. Өйткені, ол замана шамшырақтары, қазақ баласының тілеуқорлары Сәбит Мұқановтың, Илияс Есенберлиннің, Ақжан Машанидің ілтипатына ие болған, академик Досмұхамед Кішібековтің ұстаздық тәлімін көрген әрі шығармашылық байланыста болған. 1984–1986 жылдарда мәдениет қайраткері, сыншы, тележурналист Сағат Әшімбаев ұйымдастырған «Жүректең қозғайық!» авторлық бағдарламасы бойынша хабарлар циклін жүргізді. Мұнда ол қазақ жастарының ұлттық рухы, санасы, тілі, дәстүрі, патриоттығы хақында сындарлы ой-пікірлер өрбітті.

Жаратылыс-болмысына ақынжандылық тән инженер, философ, ділмәр-шешен, ғалым Ұлықпан Сыдыков «Қуанышым менің», «Бойжеткен», «Әсем жұлдыз», «Ғашықпын» сияқты көпшілікке танымал әндердің авторы. «Ару қыздар» әні 2000 жылы Республикалық «Жаңа ғасырға жаңа ән» байқауының дипломын иеленсе, «Алау сезім» атты әні жастар арасында кең тарап, қалта телефондарына қоныш, жүректеріне ұялап, бірнеше кинофильмдерде шырқалады.

«Мәуелі ағаштың маңайы базар» дегендей, отырған орны орман Ұлаған халықтың ортасында. Даналық тәжірибелерімен, кемелгерлік кеңестермен бөліседі, сөйлеседі, ақылдасады. Бұл дегеніміз, бейнебір тағылым мектебі, ізгілік сабағы. «Жақсы жүрген жеріне кент салады» деген осы. Ақсақалдық, абзалдық, абыздық жолға түскен ол өзінің кәсіби ортасында «Ақсақалдар алқасын» басқарады.

Задында ұлылықтың, көшбасшылық пен абыздықтың, ақсақалдықтың биігінде келісті елдік істеріңізбен, кісілік қасиеттеріңізбен, жемісті ой-пайымдауларыңызбен жарқырап-жайнап, ардақтылардың ордасында, шәкірттеріңіздің ортасында майталман қалпыңызбен қызмет жасай беру бұйырсын!

Серік НЕГИМОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
филология ғылымының докторы, профессор.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.





ЖАЙЛЫ МЕКТЕП

ЗАМАНАУИ ЖОБАЛАР

Алматының білім жүйесі жаңа мектептермен толығып жатыр. Осыдан аз ғана уақыт бұрын Алатау ауданының «Ботакөз-2» және Наурызбай ауданының «Достық» ықшамаудандарында 1500 орынды №208 және №209 жаңа мектептер пайдаланылуға беріліп, тұрғындарды қуанышқа кенелтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Өйткені, дәл осы екі ауданның тұрғындары үшін күні бүгінге дейін мектептің тапшылығы өте өзекті мәселеге айналған еді. Сондықтан жаңа мектептер лезде сол маңайда тұратын балалармен-ақ толығып шыға келді. Биылғы жаңа жыл да жақсылығымен басталатын сыңайлы. Қазіргі таңда Алатау ауданына қарасты «Саялы», «Томирис», «Мәдениет» ықшамаудандарындағы жаңа мектептер өз кезектерін күтіп тұр. «Нұркент» ықшамауданында жаңа мектептің құрылысы да сәтімен аяқталды. Жалпы, Алматы қаласында жаңа мектептер саны жыл сайын артып келеді. Осыдан 20 жыл бұрын бірде-бір жаңа мектептің бой көтермегенін ескерсек, бұл рекордтық көрсеткіш.

Сонымен қатар, биылғы оқу жылында «Қалқаман» ықшамауданында соңғы үлгідегі 1800 орынды жаңа мектеп пайдаланылуға беріліп, барлық оқушы бір ауысымда оқып жатыр. Биылғы оқу жылының соңына дейін Түркісіб ауданындағы «Қайрат», Алатау ауданындағы «Дархан, және Наурызбай

ауданындағы «Алмасити» ықшамауданында үш мектеп ашылады. Осы мектептер есебінен оқушы орны тапшылығы едәуір азая түсері анық. Қазіргі таңда Алматыдағы мемлекеттік мектептер саны 210-ға, ал жекеменшік мектептер саны 90-ға жетті. Дәл қазір Алматы қаласының білім мекемелерінде 303 мың оқушы білім алып жатыр. Ал мектептердің құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқанымен, 29 мың оқушы орны тапшы.

Сонымен, Алматыда екі ірі жобаның құрылысы қызу жүріп жатыр. Оның бірі – «Жайлы мектеп» жобасы аясында бой көтеретін №22 мектептің құрылысы мен Республикалық «1000 мектеп» жобасына сай 2025 жылға дейін тұрғызылатын №37 білім мекемесінің құрылысы. Бұл мектептердің басты ерекшелігі, типтік жобалар бойынша салынбайды. Жобалау кезінде білім ошақтарына қойылатын жаңа стандарттар арнайы әзірленеді. Мәселен, олардың барлығы заманауи сәулетімен, жан-жақты ойластырылған кеңістік дизайнымен, кең сыныптары және қоғамдық кеңістігі бар эргономикалық интерьерімен ерекшеленеді. Жаңадан ашылатын мектептердің барлығында 280 орынды кең, әрі жарық асханалары болады.

Мектептердің оқу кабинеттері интерактивті панельмен, SMART тақтамен және заманауи үлгідегі жиһазбен жабдықталады. Сонымен қатар, спорт залдардың төбесі мен қабырғасы дыбыс өткізбейтін панельмен қапталып, спорттық іс-шара өткізу кезінде дыбысты оқшаулап тұрады.

Жаңа мектептердің барлығында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Face ID қауіпсіздік жүйесі орнатылып, ата-аналарға балаларының мектепке кіріп-шыққанын біліп отыруы үшін мүмкіндік жасалған. Жаңа мектептердің көптеп ашылуының арқасында Алматы қаласында үш ауысымда оқитын мектептер мүлдем жоқ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



Мұғалімдердің жалақысы артты

Мұғалімдердің мәртебесі артып, білім саласының тамырына қан жүгіре бастады. Жаңа жылдан бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен балабақша тәрбиешілері, мектеп мұғалімдері, колледж оқытушылары мен қосымша білім беру жүйесінің педагогтерінің жалақысы тағы 25%-ға көтерілетін болды.

Еліміз бойынша 2020 жылдан бастап, мұғалімдердің жалақысы жыл сайын 25 пайызға көтеріліп жатыр. Осылайша олардың жалақы мөлшері екі есеге көбейіп отыр. Қомақты жалақымен бірге қосымша төлемдердің де мөлшері артты. Мұндай қосымша

ларға біліктілік санаты үшін (лауазымдық жалақының 30%-нан 50%-на дейін), магистр дәрежесі үшін, ағылшын тілінде пәндерді жүргізгені, дәптерлерді тексергені, сынып жетекшілігі және тәлімгерлік үшін төленетін үстеме ақылар жатады.

Сонымен қатар, былтырғы жылы магистрлік дәреже үшін үстемақы қосылса, был әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін де қосымша ақы белгіленіп отыр. Сондай-ақ, дене шынықтыру мұғалімдеріне сабақтан тыс уақытта қосымша спорт секцияларын өткізгені үшін төлемдер қосылып отыр.

Жалпы, былтырғы жылдың қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында кітапханашылар, бухгалтерлер, зертханашылар және білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің жалақысы өскені белгілі. Жалақы мөлшері жыл сайын Президент Жолдауы шеңберінде өсіп отыратын болады.

РЕСКЕРМЕС.

АЙНАЛАЙЫН, АБАЙЛА!

ҚЫС МЕЗГІЛІ ҚЫЗЫҚТЫ

десек те, жазатайым оқиғалардан сақ болған жөн

Қыс мезгілі, әсіресе, балаларға қызықты. Олардың үйде отырғысы жоқ. Қазір шаңғы, шана, сырғанақ, коньки тебудің қызған шағы. Сондықтан дәрігерлер жазатайым оқиғадан мейлінше сақ болуға шақырып отыр. Себебі, қарлы төбешік, сырғанақтар, мұз айдындары, шаңғы трассалары балалар өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіретіні жасырын емес.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мәселен, жанажылдық мереке күндері Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығына төрт бала (14 жасар екі бала, 16 және 6 жастағы екі бала) ойын кезінде жарақат алып түскен. Төбешіктен аса жоғары жылдамдықпен сырғанап келе жатқан алты жасар бала басқа баламен соғылып қадады.

«Соғылу нәтижесінде науқас жабық бассүйек-ми жарақатын алды, сол төбе сүйегі сынды. Балаға жазық эпидуралды гематома диагнозы қойылды. Қазіргі кезде бала жансақтау бөлімінде жатыр», – дейді Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының травматология бөлімшесінің меңгерушісі Бақыт Қожаханов.

Ал мұз айдынында жарақат алған тағы бір науқас – 16 жасар қыз ауруханада жатыр. Дәрігерлер балаға «жабық бассүйек-ми жарақаты, ми шайқалу, төбе аймағы жұмсақ тіндерінің соғылуы» диагнозын қойды. Бойжеткен жансақтау бөліміне жатқызылды, кейін нейрохирургия бөлімшесіне ауыстырылды.

Сондай-ақ, 14 жастағы жасөспірім де осы орталыққа жатқызылған. Ол «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортынан жеткізілген.

«Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы маңызды. Балаға шаңғымен сырғанауға рұқсат бермес бұрын, жабдықтың толық жанынтығына көңіл бөлу керек, баланың қорғаныс дулығы болуға тиіс. Үлкен қарлы төбешіктер өте қауіпті, балалар сонда көбіне жарақат алып жатады. Сондықтан баланың ойынына да мұқият болсақ деймін», – дейді нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Мұхтар Ибрагимов.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КЕШКЕ ҚАЛМАҢЫЗДАР!

- Алматы тауларында да қыста қар көшкіні жиі болып тұрады. Сондықтан отбасыңызбен демалысқа шыққанда мұқият болған абзал.
- Қалың қар немесе қатты жел, дауыл туралы ескерту жарияланған жағдайда, таулы аймаққа баруды кейінге қалдырған дұрыс.
- Егер сіз тауда болсаңыз, мұқият болыңыз және ауа райының өзгеруін қадағалаңыз.
- Егер сіз тау бөктерінде қардың жылжуын, қардың түйіршіктерін байқасаңыз, онда тауға көтерілмегеніңіз жөн, бұл қардың тұрақсыз күйде екенін, көшкінің жүруі мүмкін екенін білдіреді.
- Үйге кеш болмай қайтыңыздар, әйтпесе кері бағытты таба алмай қалуларыңыз мүмкін.
- Рюкзакта жылы киімдер, күтпеген жағдайда алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасы, GPS навигаторлары болуға тиіс.

ҚҰРЫЛЫС

Жыл сайын жаңа мектеп құрылыстары салынып жатқанымен, оқушы орнының тапшылығы өзекті күйінде қалып отыр.

Мақсат – орын тапшылығын азайту

Осыған орай, биылғы жылы бюджет нысаналы құрылыс, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік арқылы, сондай-ақ жекеменшік мектептерде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы бұл мәселені тағы да қолға алып отыр. Барлық құрылыс жұмыстары әкімшіліктердің құзырында болып, заңды түрде жүргізіледі.



Сонымен қатар, Алматы қаласындағы мектептегі орын тапшылығын азайту мақсатында қосымша ғимараттарды жапсарластыра салу жалғаса беретін болды. Қазіргі уақытта қаламыздың Алатау, Наурызбай және Түркісіб аудандарында жаңа мемлекеттік мектептердің құрылысы жүріп жатыр. Сондай-ақ, №38, 60, 166, 186, 6, 132, 117, 133, 144, 121, 199, 191, 57, 177, 102, 34, 170 мектептердің жанынан 8263 орынды қосымша ғимараттар салынып бітті. Осы қосымша ғимараттардың 9-ының есебінен 4150 орын қамтылып, мектептердегі орын жетіспеушілігі сәл де болса азайғандай. Сондай-ақ, қаламыздағы 4 мектептің – №7, 40, 45, 54 мектептердің ғимаратына қалпына келтіру және күрделі жөндеу жүргізілсе, №81 мектептің сейсмотұрақтылығын күшейту аяқталды. Бұған қоса, №40, 45, 54, №7 мектептің құрылыс-монтажы, №4 мектепті реконструкциялау, 2 мектепке қосымша құрылыс салу және 3 мектепті сейсмикалық күшейту бойынша жұмыстар аяқталды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



ДАРАБОЗ

БАС БАПКЕР

Әлем мойындаған Айтжанов

Қазақ бокс спортына жетекшілікке мықты басшы келу керектігі бұрыннан көтеріліп келе жатқан өзекті дүние еді. Жұрт тілегі орындалып, елге белгілі, еңбегі сіңген нағыз маман келді.



Қазақстан бокс федерациясы мәлім еткендей, Мырзекеңді команда басшысы қызметінен өз еркімен кеткен Қайрат Сәтжановты алмастырды. Бірақ былтырғы бүкіл әлем көз тіккен төртжылдықтың басты бәсекесі көңіл көншітпеді. Отандастарымыз тарапынан сын-пікірлер айтылды. Басқа спорт түрлерін былай қойғанда, бокстан жарытып нәтиже көрсете алмау өте ұятты жағдай саналды. Алдағы уақытта осы олқылықтың орны толып, жаңа мүмкіндіктер ашылып, жас спортшылар өсіп, қанаты қатайып ел абыройын асқақтатады деп иланамыз.

Мырзағали Айтжанов – Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, әлем чемпионы Сәкен Бибосыновтың жеке жаттықтырушысы. Ол ұлттық құраманы 2009–2018 жылдар аралығында тізгінін ұстады. Ең маңызды тарихи жетістіктері оның есімімен байланысты. Атап айтқанда, Лондондағы Олимпиада ойындарында Серік Сәпиев чемпион және Вэл Баркер кубогының иегері атанды. Рио-де-Жанейродағы ойындарда Данияр Елеусінов осы жетістікті қайталады. Біздікілер кәнігі бапкермен бірге әлем чемпионаттарында 5 (2013 жылы – 4, 2017 жылы – 1) алтын медаль жеңіп алды. Ол халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Сондай-ақ, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Бұған дейін 1988 жылы КСРО құрамасы сапында жасөспірімдер арасындағы Еуропа чемпионатында жеңіске жетті.

Бір сөзбен айтқанда, қазақ бокс спортын алға жылжытып, тұралап қалған кейбір жұмыстарды жандандыратынына сенім кәміл.

ҮМІТ ЕСЕЛЕНДІ

Бокс – мықтылардың алаңы. Мұнда әдіс пен айла қатар қолданылады. Сәл мүлт кетсеңіз, түмсыққа жұдырық тиеді. Ондай болмас үшін баптаушының шеберлігі де маңызды.

Рингке шыққанның бәрі күшті емес. Күшті болса да, тиімді ұтымды соққы жасай алуы керек. Оны үйретіп, үнемі баптаушы, ол – бапкер. Құр жай жүрген адам баптаушы бола алмас. Шеберлігі асқан, өмірде тәжірибесі мол адам болуы шарт. Әйтпесе, ұятқа қалады. Елімізде ондай бапкерлер жетеді. Халықтың есінде мәңгі сақталған, аты аңызға айналған – Тұрсынғали Еділов. Оның шекпенінен жарық әлемге жарқ етіп келген Бекзат Саттарханов еді. Бекзат 20 жасында Сиднейде қазақ туын биікке көтерді. Оны баптай білген Тұрсынғали ағамыз болатын. Айта берсең, спортшыларымыз да, бапкерлеріміз де жетерліктей. Алайда, соңғы Токио Олимпиадасы оңбады. Алтын түгілі, күміс бұйырмады. Тек қоланы місе тұттық. Амал қанша, жағдай солай болды. Халық сол кезде бұрынғы білікті мамандарды іздеп еді. Тілеуі орындалғандай Мырзағали ағамыз бар біліктілігін салады деп күтуде.

Әлемде бокстың ерен үлгісін Куба, АҚШ, Ұлыбритания спортшылары көрсетті. Әлемде Мұхаммед Әли, Майк Тайсон, Джордж Форман сынды әйгілі былғары қолғап шеберлерін танымайтындар кемде-кем шығар. Бәрінің де артында өз ісінің шебері, кәнігі мамандар тұрды. Сөйтіп, нағыз майталманды дайындап шығарды. Өткен Лондон Олимпиадасына Данияр Елеусінов, Василий Левит, Әділбек Ниязымбетов сынды бірқатар отандастарымыз өте жақсы өнер көрсетті. Қазақ бокс өнерінің ешкімнен кенде еместігін көрсетті. Сол уақытта бас бапкерлік тізгін Мырзекеңнің қолында болатын. Сондықтан да айрықша нәтижелер болды. Мұны нық сеніммен айта аламыз.

ҚАРАПАЙЫМ ЖАН

Ел арасында «батырға оң солы бәрібір» дейді. Мүмкін солай да болар. Бірақ жұдырықтау өнерінде сақтық, шапшаңдық, ептілік қажет.

Кейде бапкер мен боксшы келіспей жатады. Баспасөз, әлеуметтік желіде бір-бірін сынап-мінейді. Әйтеуір аямай сөгіп жатады. Мұндай іс екеуіне де опа бермейді. Ол үшін бапкер парасатты әрі көреген болуы керек шығар. Әйтпесе, алдыңызға келген жас баладан дара тұлға жасау оңайға соқпайды. Өлгі бала бір үйдің жалғыз, еркесі болуы бек мүмкін. Құдды бір асау тай сияқты. Икемге көндіріп, ебін таппасаңыз, құр салдырмайды. Құрық сала алмасаңыз, бас білдіру жайын сөз етпей-ақ қойыңыз. Сондықтан спортқа берген ата-ана баласының нағыз оғлан болғанын қалайды. Сол себепті, білікті бапкер іздейді.

Бокс тактика мен физикалық қуат арттыруға бағытталған спорт. Тек соққы беріп, әншейін ермек қылатын орта емес. Дәп осындай қыр-сыры көп дүниені үйрете алатын адам қажет. Мырзағали Айтжанов осы айтылған критерийлерге лайық деп ұғамыз. Ол сонау Кеңестер Одағы кезінде бокстан тәп-тәуір нәтиже көрсетті. Бірнеше жыл құрама тізгінін ұстағанынан хабардармыз. Шәкірттері де жетерлік. Бірақ бос уақытында қандай іспен айналысатынын біле бермейміз. Ол кісі кітап оқығанды ұнатады екен. Білген жанға кітап – білім бұлағы. Онда өмірдің барлық құпиясы мүлгіп жатыр. Баршамыз ғұлама болу шарт деп санамаймыз. Десек те, тарихи роман, ұлы адамдардың өмірбаяны, мемуарлық жазбаларды оқып тұрғанға не жетсін?!

Мырзекең қарапайым. Оған дәлел досымның әңгімесі. Бірде Құрбан есімді жора-жолдасым бір жарыста Мырза ағамызды көріпті. Қасында елге белгілі спортшы ағаларымыз да отырыпты. Барып амандық-саулық сұрасып, өздері волейболдан осы Шымкентке жарысқа келгенін айтады. Ағамыз орнынан тұрып, танымаса да есен-саулық сұрасыпты. Ақ жол тілеп, мықты, отаншыл рухтағы азамат болуына тілектестік білдіріпті. Досым болса осы бір сәтті жиі тебіреніспен айтады. Әрдайым ол кісіні қазақы жанды, дарабоз тұлғаға теңейді. Қазақта «ұлық болсаң, кішік бол» дейді. Аталы сөздің тұспалы тереңде. Кім болсақ та, адам болайық.

Бір ғажабы, ағамыз қай сұхбатында да баяу үнмен бәрін байыпты баяндайды. Өткен-кеткен тәжірибесін ортаға салады. Ешқашан асығып, абдырамайды. Тым асыра айтып отырғандай көрінер, десе де мақтаулыны неге мақтамасқа?! Ең негізгісі, келер Олимпиада да кіл дарабоздар атой салғай.

КӘНІГІ БАПКЕР

Бокс бір сәтте шешімі шығатын спорт. Кез келген уақытта жарақат алып қалу оп-оңай. Тіпті, мешелдің күнін кешіп кеткен оқиғалар болған. Сонда да рухты азаматтарға арналған спорт түрі.

Шаршы алаңда 6–12 раундта шыдау кім-кімге де жеңіл болмайды. Ұдайы дайындық керек. Әрқашан режимді бұзбаған абзал. Сәл ғана салғырттық таныттыңыз ба, онда енжарлыққа душар боласыз. Көбісі шыдамай жарты жолда қоя салады. Мінекей, сондай тұста нағыз ақыл-кеңесін беретін тұлға қажет-ақ. Онсыз іс өнбейді.

Бізге мотивация толы фильмдер жәй ғана қиял сияқты. Бір сәт көрдік, өтті, кетті. Шын мәнінде олай емес. Қайта ынта-жігерге толы фильмдер көптің көңілін аулайды. Қызықты кинолардың ішінде міндетті түрде ұстаз бен шәкірт болады. Мейлі ол әскери, тарихи немесе спорттық бола ма, ол жағы аса маңызды деп есептемеймін. Негізгісі сондай кинокартина-лардың нәтижесі биік белесті бағындыру болып саналады. Осы арада айтпағымыз біреу. Егер бапкер өзінің шәкіртіне құдды бір жақын туысы, әке-шешесіндей болса, олардың ортақ ымырасы жеңіс медалін иеленуге септеседі. Өзара түсіністік барша шаруадан артық.

Өткен Олимпиада да Сәкен Бибосынов өте жақсы өнер көрсетті. Тікелей эфирден баршамыз тамашаладық. Қасында барынша қолдау көрсетіп Мырзағали Айтжанов жүрді. Сәкен қанша жас болса да намысқа тырысып, барынша жұдырықтасты. Онысын басқалар да, спорт сарапшылары да байқады. Алайда, сәл ғана сәттілік жетіспеді деп ойлаймыз. Қолымыз қолаға ғана жетті. Алдағы уақытта алтын жүлдені аламыз деп үміттенеміз. Әр мықты боксшының артында кәнігі майталман бапкер тұрады. Жаттықтырушы нұсқауымен шыныққан спортшы қор болмайды дегіміз келеді.

ТҮЙІН:

Қазақ спорт төзімділік пен ұдайы шыңдалуды талап етеді. Бұл ортада ылғи батылдық жүреді. Әлсіздікке жол жоқ. Соның ішінде қазақ бокс өнерін өркендетіп жүрген бапкер ағаларға сәттілік пен ақ жол тілейміз. Әрқашан Көк байрағымызды байрақты бәсекелерде желбірей түссін!

ШАХМАТ

Бибісара Асаубаева Қытайда өткен турнирде 2-орын алды. Осылайша аспан асты елінде намысты қолдан бермеді. Төрткүл дүниенің назары ауған жарыста өзінің мықтылығын дәлелдей түсті.

МЫҚТЫЛЫҒЫН ТАНЫТТЫ

18 жастағы қазақстандық шахматшы Бибісара Асаубаева Сианьда (Қытай) өткен The Belt and Road 2023 to World Chess Woman's Summit турнирінде 2-орын алды. Бұл туралы ҚазАқпарат мәлім етті. Бибісара да әзербайжандық шахматшы Гюнай Мамедзаде де 8,5 ұпайдан жинады. «Алайда, жерлесіміз қосымша көрсеткіштер бойынша «алтынды» әзербайжандық қарсыласына берді», – деп жазды Sports.kz.

«Демалыс күндері турнирді жақсы өткіздім. Ешкімнен жеңілмедім және қосымша тағы бір ұпай алуға болатын еді. Өкінішке қарай, тай-брейкте ойнауға болмайды, сондықтан үшінші қосымша ойын бойынша (жеңіске жеткен ойын саны бойынша) 2-орын алдым. Келесі жолы партияларды соңына дейін жеткізу керек», – деді Бибісара Instagram сторисінде.

Айта кетейік, өткен жылдың соңына шахматтан Алматыда өткен әлем чемпионатында Бибісара Асаубаева блиц бойынша екінші алтын медальді жеңіп алды.



ХОККЕЙ

ДУБІРЛІ ДОДАҒА
ҮМІТКЕРМІЗ

Қазақстан хоккейден 2027 жылғы әлем чемпионатын өткізуден екі үміткердің бірі. Бұйырса, бүкіл әлем көз тіккен сайыстың куәгері болып қалармыз.



Forbes.kz дерегіне, Норвегия мемлекеті шайбалы хоккейден 2027 жылғы әлем чемпионатын өткізу туралы өтінішін қайтып алды. Басты үміткерлер – Германия мен Қазақстан. Норвегтердің хоккей қауымдастығы доданы өткізуден ресми түрде бас тартқан. Мұндай шешім сол елдің үкіметі тарапынан қаржы бөлінбеуіне байланысты қабылданған екен. Олар бұдан бұрын шайбалы хоккейден 1999 жылғы әлем чемпионатын қабылдаған болатын. Германия мен Қазақстан 2027 жылғы әлем чемпионатын өткізу құқығын иелену жолындағы күресті жалғастырады. Халықаралық шайбалы хоккей федерациясы аталған біріншіліктің иесін 2023 жылғы мамыр айында өтетін конгресінде анықтайтын болады.

Бетті дайындаған
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

**БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН
ҰСЫНАМЫЗ!**

«Garden park inn» қонақүйіне:
• түнгі ауысым аспазы;
• аспаздың көмекшісі;
• бармен керек
Тел.: 8 (727) 244-45-00.

«Maksat мед» ЖШС-не:
• жалпы тәжірибелік дәрігер керек.
Тел.: 8 707 328 23 98.

«Казлегпром» ЖШС-не:
• тігінші керек.
Тел.: 8 778 931 89 81.

«Полиграфкомбинат» ЖШС-не:
• баспагер;
• түптеуші;
• сантехник керек.
Тел.: 8 777 201 01 56.

«Нәзік» ЖШС-не:
• сағушылар;
• кассирлер;
• аспазшы;
• еден жуушы керек.
Тел.: 8 777 015 49 85.

«КОМПАНИЯ ОБИС» ЖШС-не:
• сауда өкілі;
• экспедиторлар;
• қалаушы;
• жүк тиеуші керек.
Тел.: 8 701 220 88 14.

Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетіне:
• кітапханашы;

• кадрлар даярлайтын инженер;
• әдіскер керек.
Тел.: 8 (727) 323-11-75.

«Алатау жарық компаниясы» АҚ-на:
• басқарма басшысының орынбасары керек.
Тел.: 8 (727) 376-18-51.

«Дастархан» ЖШС-не:
• күзет дабылы және бейнебақылау операторы керек.
Тел.: 8 (727) 313-13-55, 8 707 636 50 19.

«ЦПК» коллекторлық агенттігіне:
• қаржы жөніндегі сарапшы керек.
Тел.: 8 707 171 00 03, 8 747 238 84 69.

Психикалық денсаулық сақтау орталығына:
• әкімшілік хатшы;
• мұрағатшы керек.
Тел.: 8 778 548 79 87, 8 705 706 86 88.

«Алматыжылужайэнерго» ЖШС-не:
• тазалықшы-еден жуушы (жұмыс уақыты сағат 09.00–15.00);
• қазандық жабдығы бойынша 5-разрядты машинист-қараушы;
• 4-разрядты слесарь-жөндеуші керек.
Тел.: 8 702 860 37 06.

«Алматы электротранс» ЖШС-не:
• техникалық қауіпсіздік инженері;
• сырлаушы;
• шаруашылық меңгерушісі керек.
Тел.: 8 778 604 36 51.

ЗЕЙНЕТАҚЫ

ХАЛЫҚ ТҰРМЫСЫ ЖАҚСАРАДЫ**Қазақстанда зейнетақы мен жәрдемақы түрлерінің мөлшері өсті**

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда зейнетақы мен жәрдемақылардың барлық түрлерінің мөлшері өсті. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сайтында жарияланды.

Жағымды жаңалық 4,4 млн зейнетақы мен жәрдемақы алушыға әсер етеді. Өйткені, осы мақсаттарға республикалық бюджетте 4,6 трлн теңге қарастырылған. Базалық зейнетақының мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің жыл сайынғы ұлғаюын ескере отырып, сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес оның ең төменгі мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-дан 60%-ға дейін ұлғаюына байланысты артты.

Ынтымақты зейнетақы мөлшері инфляция деңгейінен 2%-ға артып көтерілді. Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін пайдаланылатын ең жоғары табыс мөлшері 46-дан 55 АЕК-ке дейін (158,7-ден 189,8 мың теңгеге дейін) ұлғайтылды.

Нәтижесінде бюджеттен төленетін зейнетақы төлемдерінің ең төменгі мөлшері 68,2 мың теңгеден 77,4 мың теңгеге дейін өсті. Зейнетақының өсуі барлық 2,2 миллион зейнеткерге әсер етті.

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты мүгедектік және асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін жәрдемақылардың мөлшері де артты.

Айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінің ұлғаюына байланысты тағы да бірқатар жәрдемақылардың мөлшері өсті.

Мәселен, жұмыс істейтін де, жұмыс істемейтін де әйелдерге бала тууға байланысты төленетін мемлекеттік қолдаудың мөлшері енді: бірінші, екінші және үшінші балаға 38 АЕК немесе 131 100 теңге (2022 жылы – 120 840 теңге), төртінші және одан да көп балаға – 63 АЕК немесе 217 350 теңгені (2022 жылы – 200 340 теңге) құрайды.

Республикалық бюджеттен жұмыс істемейтін ата-аналарға бала күтімі бойынша жәрдемақы тағайындалады, оның мөлшері АЕК өсуін ескере отырып, биылдан бастап 8,5%-ға өсті.

Жұмыс істейтін ата-аналар бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдерді Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан алады. 2023 жылдан бастап Президент тапсырмасы бойынша бала күтімі бойынша төлем мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзарды.

Мүгедектігі бар балаларды қолдау үшін Қазақстанда кәмететке толғанға дейін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Оның мөлшері 2023 жылы 56 794 теңгені (бұрын 52 345 теңге) құрайды.

Жаңа жылдан бастап көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақы мөлшері АЕК ұлғаюын ескере отырып өсті: 4 баласы бар отбасыларға ай сайын 55 304 теңге (бұрын 50 976 теңге), 5 балаға – 69 138 теңге (бұрын 63 728 теңге), 6 балаға – 82 973 теңге (бұрын 76 479 теңге), 7 балаға – 96 807 теңге (бұрын 89 231 теңге), 8 және одан көп бала болса әр балаға – 13 800 теңге (бұрын 12 720 теңге) беріледі.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2023 жылғы 30 қаңтар, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 1149 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmb.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 26 қаңтар, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

**«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!**

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және
тұрақты авторларымызбен
әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге //
6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1 369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге //
6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге //
6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**ЕГЕР:**

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас редактордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alata Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА



ҰЛЫ ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРІ

Моцарттың елінде қазақтың дәстүрлі және заманауи классикалық музыкасының кеші өтті

Рая
ЕСКЕНДІР

Биыл Қазақстан мен Австрия арасындағы дипломатиялық достық байланыстың орнағанына тура 30 жыл толып отыр. Осыған орай, Моцарттың елінде қазақтың дәстүрлі және заманауи классикалық музыкасының кеші өтті.

Ұлтымыздың инжу-маржанына айналған құндылықтарымыз тым алыстағы шетелдік көрерменнің көзайымына айналып, талайдың таңдайын қақтырды.

Еуропаның жүрегінде орналасқан осынау көне қаланың аңызға айналған концерт залында өнер көрсету екі өнерпаздың біріне бұйыра бермейтін бақыт. Сондықтан Еуропаның талғампаз тыңдаушылары қазақстандық өнерпаздардың концертке арнайы қатысып, олардың өнерін тамашалады. Қазақтың ұлттық музыкасын тыңдады. Сахнасында талай талант өнер көрсеткен кең зал төрінде бұл күні қазақтың күйлері, халық композиторларының шығармалары орындалды.

Сонымен қатар, музыканың мэтрі

КӨРКЕМСУРЕТ

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ КӨРМЕ

Балаға әр қырынан тигізер пайдасы өте жоғары салалардың бірі – көркемсурет. Ол моториканы жақсы дамытады. Сурет салу – ойлауды, сөйлеуді, көруді және мидың екі жарты шарларын, яғни мидың екі бөлігін дамытады, соның арқасында нейрондық байланыстар белсенді түрде пайда болып, ақыл-ой мен қиялды кеңейтеді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бала қиялын дамытуда, икемін байытуда ата-анадан бұрын, білікті ұстаздың орны ерекше. Елімізде баланы өнерге баулумен бірге, өздерінің жеке шығармашылығымен айналысып жүрген талантты ұстаздар жеткілікті. Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, Еуразиялық шығармашылық гильдиясының мүшесі, мәдениет қайраткері Болат Хамзиннің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының әр өңіріндегі талантты жас суретшілер әлемдік сурет көрмелерде өз өнерін паш етумен бірге, басқа елдің суретші балаларының өнерімен де танысу мүмкіндігіне ие болды.

Пекин қаласында Қысқы олимпиада ойындарының өтуіне орай, біздің Республикамыздан 50 баланың жұмысы қатысып, шығармалары Пекин қаласының үлкен таб-



лосынан көрсетілді. Дүниежүзілік балалар сурет көрмесі «Мы живем в СНГ», «Узоры и орнаменты народов мира» дүниежүзілік бала суретінің сайысына қатысқан шығармалар Орта Азияның альбом сериясында «Дети рисуют мир» атты жинаққа енді.

Қазан айындағы Лувр мұражайында өткен көрмені де айта кеткен жөн. Дүниежүзілік көрмеге өз туындыларымен қазақ балалары да қатысты.

ҰЛАҒАТ

ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

Айналамыздағы адамдар да, олардың өмірі, күнделікті тұрмыс-тіршіліктің бәрі өнеге. Тек керегіңізді алып, көкейіңізге түйе алсаңыз болғаны

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ, жазушы:

ҚЫЗДАР

қарқылдап күлмейтін,
барқылдап сөйлемейтін

«Махаббат, қызық мол жылдар» романының алғаш басылып шыққанына 40 жылға тақап қалды. Бұл романды мен кешегі Ұлы Отан соғысынан келіп, университетке түскенде өзіммен бірге оқыған қыздар туралы жазған едім. XX ғасырдың қыздары жайында. Ол романда мен XX ғасыр қыздарының бойындағы ғажап қасиеттерді айттым. Ол қандай қасиеттер еді?

XX ғасырдың қыздары арақ ішпейтін, темекі тартпайтын. Қарқылдап күлмейтін, барқылдап сөйлемейтін. Жай сөйлеп, жылы жымиғанымен жанды ерітетін. Олар өте инабатты болатын. Үлкендерге көшеде жол, автобустарда орын беретін. Қазақ әдебиетін бас алмастан оқытын. Қазақша әсем әндер шырқап, күмбірлетіп күй тартатын. Көшеде анарын ашып, кіндігін көрсетіп жүрмейтін. Аялдамаларда жұрт көзінше жігіттерге бұтын тақап, сыңқылдатып сүйіспейтін.

XX ғасырдың қыздары өте уәдешіл болды. Берген сертін ешқашан да бұзбайтын. Олар ар, намыс, абыройды сақтап, пәк қалпында сүйген, уәделескен жігіттеріне тұрмысқа шығатын. Олар жаны сүйіп қосылған жігітімен мәңгі бірге өмір сүретін. Бүгін қосылып, ертең немесе екі айдан кейін «мінезіміз үйлеспеді» деп ажырасып жатпайтын. Әрқайсысы үш-төрттен бала тауып, ұлтты көбейтуге үлес қосатын.

Омар ЖӘЛЕЛҰЛЫ, ғалым:

«ӘКЕ-ШЕШЕНДІ
ШАҚЫРТАМ!»

дегенде жүрегім дір ете қалатын

Мектепте оқығанда өте тентек болдым. Бағила мұғалима (сынып жетекшісі): «Әке-шешенді шақыртам!» дегенде, жүрегім дір ете қалатын. «Маманды» иә «папанды» (біздің кезімізде солай атадық қой) шақыртам десе ондай әсері болмайтын сияқты. Өйткені, «мама» деген сөзден жылылық, мейірімділік, махаббат есіп тұратын сияқты ма, қалай?.. Ал шеше... жөні бөлек: біртүрлі асқақ, айбарлы. Жайылып кеткен жан-дүниенді әп-сәтте жинап аласың. Сондай құдіретті сөз. Соны білген мұғалима маған психологиялық жағынан әсер ету үшін жан-дүниемді бір сілкіп алу үшін осы сөзді әдейі қолданатын сияқты.

«Әке» деген сөз де сондай. Қазақтың ұлт болып жаралғанынан бар сияқты осы сөздер. Өте терең, өте көне. Шешеміз тентектік жасап қойсақ, «әкене айтам!» деп қорқытатын; «әкең біліп қоймасын» дейтін... Міне, сіздерге керек болса түпсана (архетип)! «Папа» біз үшін жат сөз. Түпсанамызда жоқ. Сондықтан шешем үнемі біз ауа жайыла бастағанда «папаны» емес, «әкені» қолданатын. Бейсаналы түрде. «Мама» – байлық пен перзенттің желеп-жебеушісі Ұмайдан тарайды. «Мама» – байлықтың, молшылықтың, берекенің, өсіп-өнудің символы. Барлық, байлық, береке, молшылық ананың ақ сүтінен басталады. Сондықтан ананың ақ төсін қазақтар «мама» дейді. Көп құлын-даған биені «мама бие», көп жеміс салған ағашты «мама ағаш» дейді. «Ана» – биологиялық атау: аналық ұрық, аталық ұрық; шөпте де болады, жануарларда да болады. Қазақтар еркек малды кейде «аталық мал» деп те атайды. Қазақтар ешқашан өз шешесін биологиялық атаумен «ана» деп атамаған. «АПА» деген. Әйел заты Құдай жарылқап пұшпағы қанап дүниеге ұрпақ әкелгенде «ана болды» дейді.



Сая ҚАСЫМБЕК, драматург:

БІР СӨЗ

үшін келіншегін бұрынғыдан да
жақсы көріп кетіпті

Балам такси шақырып берген. Қазақ қарап отырған ба? Жол-жөнекей әңгімелесіп келеміз.

«Жасым 44-те. Әке-шешем 49 жастарында апаттан кетіп, 6 баланың әке-шешесі өзім боп қалдым. Мектепті кіл «беске» оқығанмен, мұршам болмай, әрі жалғастырмадым. Ең ақшасы көп жұмысты іздеп, экскаваторшы боп істедім. Екі інімді үйлендіріп, екеуіне де үй салып бердім. Қызық болғанда, былтыр екі қарындасым бір аптаның ішінде бірінен соң-бірі күйеуге қашып кетті. Басымды ұстадым да қалдым. Келіншегім «қыздар бізге аманатқа қалған, гараждағы екі машинаны сат» деді. Екі машинаны сатып, екеуінің жасауын түгел апарып бердік. Сол сөзі үшін келіншегімді сондай жақсы көріп кеттім, апай. Үйде жатпайтынның сортынанмын. Артынша мына машинамы сатып алдым. Бірақ келінімізді Құдай сыйлағанына көзім жетіп, өзгеше махаббатым ашылды. Осы келе жатқанда тезірек үйге жеткенше асығып келем», – дейді жүргізуші бала. «Демек, сенің де көкірегіңде санаң бар. Әйтпесе, күйеуінің шұлғауы болса да қорлық көріп жүрген қазақ қызы қаншама?! Жақсылықты түсінген, қадірін білгеніңе рахмет!» дедім. Иә, қадіріңді білетінге жолыққанның өзі бір бақыт қой, шіркін?!

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.